

Қуриетті әріптестер, ер рухты Махамбет астары!

Баршаңызды табалдырығымызды аттағалы тұрған жаңа 2023 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақта «Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп» деген ұлағатқа айналған сөз бар. Біз қашанда өткенге салауат айтып, болашақтан жақсылық күткен халықтың ұрпағымыз. Тарих қойнауына еніп бара жатқан жыл біз үшін берекелі де жемісті болды. Бірліктің бесігіне, татулықтың тұтқасына айналған еліміз дамудың жарқын белесіне көтерілді. Экономикамыз нығайып, әлеуметтің әлеуеті артты.

Біз жаңа жылға үкілі үмітпен қарап, тың мақсат-міндеттер белгілейміз. Өз халқымыз оны қашанда биік көңілмен, кемел пейілмен ерекше қарсы алады. Бұл жыл да Қазақ елінің жылнамасының жарқын беттеріне жазылатын жаңа кезеңнің жалғасы болады деп сенемін.

Жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы баршаңыздың шаңырақтарыңызға табыс пен ырыс әкелсін! Дендеріңізге саулық, істеріңізге толағай табыс тілеймін!

Игі тілекпен, М.Өтемісов атындағы БҚУ басқарма төрағасы-ректор
СЕРҒАЛИЕВ Нұрлан Хабиболлаұлы



БҚУ-лық театр - жеңімшаз

Математика – царица наук!

30 ноября в 10 часов дня состоялось пленарное заседание под названием «Международная научно-практическая конференция «Таймановские чтения – 2022», посвященная 105-летию доктора физико-математических наук, академика А.Д. Тайманова и 90-летию Западно-Казахстанского университета им. М. Утемисова».

Мероприятие проходило по двум секциям:

«Современные проблемы теоретической и прикладной математики, физики и информатики»;

«Актуальные проблемы методики и инновационные технологии обучения математике, физике и информатике».

Председателем заседания выступил: Сергалиев Нурлан Хабибуллович, председатель правления - ректор ЗКУ им. М.Утемисова, а также модератором: Ахмеденов Кажмурат Максutowич, член правления, и.о. проректора по научной работе и международным связям.

Заседание началось с приветствия и биографии ученого, на открытие конференции выступил сын Асана Дабсовича Тайманова – Тайманов Искендер Асанович, академик Института математики имени С.Л. Соболева СО РАН, Новосибирского государственного университета, ознакомив с темой «О работах А.Д.Тайманова по дескриптивной теории множеств (Москва - Кызыл-Орда, 1947-1954)». Также на открытии участвовали со своими темами: Тасмамбетов Жаксылык Нурадинович «О свойствах частных значений переменной и параметров обобщенных



гипергеометрических функций», Викентьев Александр Александрович «О машинных реализациях вычислений новых модельных расстояний и распознавании в знаниях», Мулдагалиев Вали Садыхович «А.Д. Тайманов – организатор школы по математической

логике в Казахстане», Судоплатов Сергей Владимирович «О классификации счетных моделей элементарных теорий». На мероприятии приняли участие ученые из России и других городов Казахстана, как Актобе, Семей, Караганда. Проректор А.К. Максutowич отметил, что это уже 8-е

«Таймановские чтения», по традиции, проводящиеся с памятью об ученом.

В ходе конференции участники представляли свои исследования и доклады, придерживаясь пятнадцатиминутного регламента. Были затронуты актуальные вопросы по проблемам и инновационным технологиям обучения, касающиеся физики, математики и информатики.

В день памяти ученого напомним, что он один из ведущих математиков СССР, получивших фундаментальные результаты по целому ряду математических дисциплин, академик АН КазССР. А. Д. Тайманов создал в Казахстане школу по теории моделей, представляющую собой один из самых плодотворных разделов современной математической логики. Факт существования этой школы в нынешнем Казахстане – явление, важное для казахстанцев, свидетельствующее об их глубокой вовлеченности во всестороннюю научную культуру мира.

Асан Дабсович Тайманов родился 25 октября 1917 года в Урдинском районе Западно-Казахстанской области. Благодаря научным трудам академика Тайманова и его талантливым ученикам казахстанская математическая наука стала всемирно известной. Жизнь и деятельность выдающегося ученого, достигшего высот в науке, заслуживает огромного уважения и является примером, достойным подражания не только для молодого поколения Казахстана, но и для молодежи всех стран мира.

Аяулым АШИМЖАНОВА

13 желтоқсан күні М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік - қасиетті құндылық: ел болашағы мен халық еркіндігі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Жиын модераторы - Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі Шайхиев Тұрар Төлегенұлы болды.

Шара барысында т.ғ.к., «ҚР тарихы» кафедрасының доценті, облыстық мәслихат депутаты Жақсығалиев Жаңабек Жаңабайұлы «Аңсаған Азаттық», ф.ғ.к., социологиялық зерттеулер орталығының жетекшісі Добряев Павел Анатольевич «Гражданская политическая культура, как фактор государственной независимости Казахстана», тәуелсіз журналист, облыстық мәслихат депутаты Измағанбет Бағдат Мәдиұлы «Тәуелсіздік және халық билігі»,

ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ



«Ламед» еврей этномәдени қоғамдық бірлестігінің төрағасы Баюканский Феликс Аркадьевич «Межэтническое согласие - фактор политической стабильности Казахстана», Батыс Қазақстан облысының Ішкі саясат басқармасының бөлім басшысы Теміров Қалаубек Баубекұлы «Тарихы терең Тәуелсіздік», «Татар мәдени орталығы» ҚБ төрағасы Миликеева Флюра Ириковна «Политические и экономические достижения Республики за годы Независимости», қоғамдық қайраткер, облыстық мәслихат депутаты Утебалиева Шаттық «Тәуелсіздік – саяси даму мен тұрақтылық негізі» тақырыптарында баяндама оқыды. Баяндамада ҚР тәуелсіздік жылдарындағы саяси, тарихи, мәдени және экономикалық дамуының негізгі мәселелері, Қазақстан және әлемдік өркениет, жаһандану және интеграциялану жағдайындағы Қазақстан Республикасының көп векторлы сыртқы саясаты жөніндегі тақырыптар сөз болды.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

Встреча с главой генерального консульства Азербайджана в РК

13 декабря в стенах вуза прошла встреча с главой Генерального консульства Азербайджана Эльмаром Маммадовым и председателем общественного объединения «Азербайджанского культурно-просветительского общества «Бирлик», Ассамблеи народов Казахстана ЗКО Наджафом Маммадовым. Встреча делегации состоялась в 10 часов утра, в главном корпусе вуза, где прошло знакомство с музеем и ректором университета Н.Х. Сергалиевым.

На встрече присутствовали проректор по научной работе и международным связям Ахмеденов Кажмурат Максutowич, руководитель международного отдела и полиязычия, доктор PhD Зубков Владислав Сергеевич, а также деканы факультетов. На повестке встречи, главной задачей было обсуждение вопросов сотрудничества и развития отношений с вузами Республики Азербайджан. Обмен мнениями по направлениям сотрудничества в области образования и культуры.



На следующей встрече глава Генерального консульства изъявил желание прочитать лекцию о третьем Азербайджанском Президенте, Гейдаре Алиевиче Алиеве. Также представители Азербайджана поделились интересной

идеей создать разговорный словарь тюркских народов, что будет давать возможность легче изучать языки одного происхождения.

В дальнейшем будут рассматриваться вопросы по процессу обучения студентов

в Азербайджане, возможности по стипендиальным программам и проведение дружеских мероприятий. В честь знакомства гостям были вручены небольшие памятные подарки.

Аяулым АШИМЖАНОВА

Осындай атаумен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жиынды ҚР тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты Байбулсинова Альфия Сабырғалиқызы тізгіндеді.

Іс-шарада алғы сөз сөйлеген М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, география ғылымдарын кандидаты, профессор Ахмеденов Қажымұрат Мақсұтұлы мен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы Сдыков Мурат Наурызғалиевич бабалар аңсаған азаттық жөнінде ой толғады. «Тәуелсіз Қазақстан жастары» атты бейнеролик көрсетіліп, онда Тәуелсіздіктің қадір-қасиеті жайлы баяндалды.

Ғылыми басқосуда еліміз Тәуелсіздік алған 30 жыл ішіндегі жеткен жетістіктері мен даму жолдары айшықталып, ұлттық құндылықтар мен мәдениет, өнер саласының жаңғыруына қосқан сүбелі істер сараланды.

Айта кетейік, конференцияға Әл-Фараби атындағы



Тәуелсіздік — мәңгілік елдің тұңғыры

ҚазҰУ оқытушысы, білім беру саласының үздігі Сағынғалиев Даурен Наурызбаевич, Alikhan Bokeikhan University «Алаштану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Рахметуллин Еркін Ерланұлы, Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің аға оқытушысы, философия докторы (PhD) Джангужиев Мақсұт Суянгереевич, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің докторанты, гуманитарлық ғылымдар магистрі Уалиев Талапкер Асқарұлы, дарынды балаларға арналған С.Сейфулин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының тарих

пәнінің мұғалімі, педагог-шебер Әлмұқан Асқар Сатыбаевич, Маңғыстау облысының Білім басқармасының Маңғыстау ауданы Шетпе гимназиясының тарих пәні мұғалімі Есполаев Райымбек, ақын, журналист, ҚР журналистер Одағының мүшесі, «Сырым елі» қоғамдық-саяси газетінің редакторы Ширмеденұлы Бауыржан, М.Өтемісов атындағы БҚУ, тарих факультетінің 2-курс магистранттары Мұратов Ерсұлтан мен Ергалиев Нұрболат Берікұлы қатысты.

Тәуелсіздік мерекесін насихаттап, оны ұлықтау - әр Қазақстан азаматының міндеті. Егемендік алған күнді тек тойлап қана қоймай, оның қадір-қасиетін жете

түсінуіміз шарт. Бұл – «Ғылым ордасында» өткен ғылыми-конференцияда айтылған ойдың бір парасы. Баяндама барысында ғалымдар тәуелсіздікке жету оңай болмағынын тілге тиек етті.

Одан әрі Орал қалалық №44 мектеп Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы оқушылары «Менің елім – Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында өлең жолдарын мәнерлеп оқыды.

Жиынды тарих ғылымдарының докторы Тасмағамбетов Әсет Сембайұлы қорытындылап, егемен еліміздің қарқынды дамуы мен әлемге танылуы жолында тәуелсіздіктің рөлі айрықша екендігін атап өтті.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

12 декабря в актовом зале нашего университета прошло выступление спикеров мотивационного медиапроекта «История успеха». По словам основательницы проекта Альбины Байгунаковой, «История успеха» берет начало с 2016 года и уже имеет большие результаты, что по сей день не перестает вдохновлять людей. Как доказательство, перед студентами были представлены действительно вдохновляющие истории успеха. Гостями с мотивирующими историями выступили: Айнаш Алибекқызы, депутат городского маслихата, партнер центра тестирования «USTUDY», организатор форума «Бизнес пауэр», Антонина Есмагулова, сооснователь мебельного салона «5 звезд», кофейни «Кайф» и ресторана «Крафт» гриль&бар, а также Мадина Рамазанова, основатель салона красоты «Офра». Рассказывая свои пути становления, спикеры поделились секретами успеха.

КАКОВ МАСТЕР, ТАКОВ УСПЕХ



Со слов организатора встречи, для того чтобы стать предпринимателем, нужно иметь очень большую ответственность, самоотверженность и отдачу, а также тепло и любовь к людям, с которыми ты работаешь.

«Если хотя бы 1% ребят из числа всей аудитории, которую мы собирали на мотивационных площадках в течение всего этого месяца, решит начать брать ответственность за свою жизнь в свои руки и осознанно начнёт жить и делать хотя бы маленькие шаги к своей

мечте и к своим целям – значит, мы вместе с палатой предпринимателей области работали не зря!» - поделились в своем инстаграм участники медиапроекта.

«История успеха» - это проект о людях и для людей. Здесь вы можете узнать впечатляющие истории сильных, смелых и целеустремленных людей. Благодаря этому проекту общество меняется к лучшему, создавая положительное будущее общими усилиями.

Аялым Ашимжанова

Ақылдың ақылы Абай, ақынның ақыны Мағжан бастаған қазақ поэзиясының көші терең де арналы Ақ Жайықтай болса, сол дарияға қырдан шапқылап келіп қосылған ақ бұлақ – Ақұштап өлең дариясына өз ағысымен, өз иірімімен келіп қосылады. Қазақ поэзиясына жүректен шыққан нәзік лиризм мен сананы сілкіндірер шыншыл сезім әкеп ажарландырған, көктемгі ақ жауындай түрлендірген де осы – Ақұштап Бақтыгереева.

Ақұштап ақын аспаны



Өзінің балапан жырларын мектеп қабырғасында ұшырған Ақұштап ақын – бүкіл саналы өмірін поэзияға арнаған адам. Сөз зергері М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде студенттермен ашық дәріс өткізді. Рухани кездесуге оқу ордасының профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты.

Жиында «Ақ Жайықтың ақ шағаласы» қыздармен емен-жарқын пікірлесіп, ана, әже ретінде өзінің ақыл кеңестерін айтты. Сондай-ақ, қазіргі таңдағы қоғамдық мәселелер, қыз тәрбиесі, ұлттық құндылықтар тұрғысында өзекті мәселелер көтерілді.

Қатысушылар ақынға көкейтесті сұрақтарын қойып, ой алмасты. Университет ұжымы атынан А.Бақтыгерееваға гүл шоқтары табыс етіліп, студенттер естелік суретке түсумен жиынды қорытындылады.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА



**«Я татарин,
женат на осетинке,
мы преподаем русский
язык и счастливы в
Казахстане»**

С докладами выступали Заместитель Председателя Ассамблеи народа Казахстана, председатель Правления Казахстанского Конгресса татар и башкир Каримов Тауфик Акрамович, старший научный сотрудник Института языка, литературы и искусства им. Г.Ибрагимова Академии наук Республики Татарстан, к.ф.н. Ибрагимов Марсель Ильдарович, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.п.н. Кажигалиева Гульмира Абзалхановна, профессор, университет «Туран», д.п.н. Хайруллин Гриф Тимурзагитович, ассоц.проф. ЗКИТУ, к.ф.н. Абдульманов Алтынбек Абуталиевич. Свои доклады и письма присылали из Германии и Москвы: преподаватель русского языка в гимназии и в языковом центре Франкурта-на-Майне Плахотная Лотта Николаевна и старший преподаватель кафедры методики преподавания русского языка УПИ им. А.С. Пушкина в 80-90 годы XX в. Карелина (Касьяненко) Ирина Григорьевна. С речью выступил ученик профессора Айтпукешев Айдарбек Тулепович, директор Назарбаев Интеллектуальной школы физико-математического направления г.Уральск, магистр педагогических наук, выпускник филологического факультета 1997 года.

На конференции современное поколение ученых с теплотой вспоминало об этом светлом человеке, подчеркивая его бесценный вклад в науку и общественную деятельность народов Казахстана и Татарстана. «Да, трудолюбие, энтузиазм, инициативность, верность и преданность избранному делу, поразительная работоспособность в сочетании с умением всегда находить время для студентов и коллег – это все лишь составляющие ценности того, что вмещает в себя самое ценное, что было в жизни этого ученого – семья. Семья, как выясняется почти перед финишем, была источником труда, мира, культуры, двигателем жизни Р.А. И всё было ради семьи, для сохранения и передачи потомкам нравственных общечеловеческих ценностей...» - пишет в своем письме Л.Н. Плахотная, вспоминая о семье Абузьяровых. Много было сказано о супруге Р.А. Абузьярова Зое Ивановне Туаевой, которая неизменно была рядом.

«Тридцать лет пролетели, а, кажется, что было это только вчера...»

Разак Абдрахманович и Зоя Ивановна умели окружить людей своим вниманием, заботой, искренне интересовались их делами, старались оказать помощь, если она была нужна... И это подкупало, вызывало чувство уважения. А ещё они всегда были молоды душой, оптимистично относились к жизни. Очень точно об этом сказал Габдулла Тукай, любимый поэт Разака Абдрахмановича:

Пускай состарюсь я, беспомощен и сед,
И стан согнется мой под грузом трудных лет,
Душе состариться не дам я никогда,
Она останется сильна и молода...» - вспоминает И.Г. Карелина.

Много было сказано о трудовой деятельности Разака Абдрахмановича. Указывая на основную веху в творчестве профессора, Г.Т. Хайруллин пишет: «Р.А.Абузьяров является создателем Евразийского центра Габдуллы

«УЧИТЕЛЬ, ПЕРЕД ИМЕНЕМ ТВОИМ...»

21 декабря состоялась международная научно-практическая конференция под названием «Актуальные проблемы формирования духовных ценностей в контексте диалога культур и языков» в честь 90-летия доктора педагогических наук, профессора ЗКУ им. М. Утемисова, председателя Евразийского Центра Габдуллы Тукая, профессора Абузьярова Разака Абдрахмановича. На мероприятии участвовали проректор по научной работе и международным связям Ахмеденов Кажмурат Максutowич, декан факультета филологии, доктор PhD Акбулатов Айдарбек Ахметович, кандидат педагогических наук, доцент Умарова Гульнара Сидегалиевна, заведующая кафедрой русской филологии, магистр педагогических наук Альмурзина Самал Сериккалиевна, кандидат педагогических наук, доцент Утегенова Карлыга Таскалиевна, старший преподаватель кафедры русской филологии, доцент Бозбаева Айгуль Галымжановна.

Тукая и многие годы руководил деятельностью данного центра: регулярно проводил международные научно-практические конференции, настойчиво добивался открытия музея и установления памятника великому Тукаю, а также создания сквера имени Поэта и т.д. Таким образом, Р.А. Абузьяров стал признанным двигателем процесса восстановления Уральского периода жизни Габдуллы

щихся национальных школ к службе в советской армии. – Алма-Ата, Мектеп, 1986г.

3. Научные основы методики русского языка в казахской школе. Методика словарной работы. // Методика русского языка в 5-11 классах казахской школы. Алма-Ата, Мектеп, 1985 г.



Тукая и увековечения его памяти в этом городе.

Абузьяров Разак Абдрахманович родился 16 июня 1932 года в селе Лепсинск Андреевского района Алма-Атинской области Казахской ССР, ныне Кабанбайского района Алма-Атинской области Республики Казахстан.

После окончания Алма-Атинского педагогического института (1953) работал учителем, директором в сельских школах Алма-Атинской области. С 1970 года в Северо-Казахстанском гуманитарном университете, в 1971–1996 годах заведующий кафедрой методики преподавания русского

Он также серьезно занимался подготовкой будущих научных кадров, вкладывая в них высокие ценности и знания. Разак Абдрахманович подготовил 14 аспирантов, 8 из которых кандидаты наук.

Так совпало, что в один год мы отпраздновали



языка (город Уральск). С 1995 года председатель Уральского общественного центра Габдуллы Тукая.

За годы жизни Р.А.Абузьяров оставил немало работ, связанные с краеведением, методикой и религией. Такими, например, являются работы:

1. Русский язык на занятиях по начальной военной подготовке в национальной школе (в соавторстве). – М.Просвещение, 1983 г.

2. Педагогические основы языковой подготовки уча-

90-летие нашего вуза, и в этот же год проходит 90-летие со дня рождения Разака Абдрахмановича. Мы знаем, он посвятил жизнь науке, достиг больших высот, а его страсть и любовь к знаниям по сей день заражает окружающих, продолжая давать стимул для развития и роста. Семья Р.А. Абузьяровых, родные и близкие, друзья и члены кафедры чтят память о нем, бережно охраняя его труды и ценные воспоминания.

Аяулым АШИМЖАНОВА

Тәуелсіздік бәрінен қымбат!

Қазақстанның Тәуелсіздік алғанына биыл 31 жыл толғалы отыр. Бұл ел тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі. Өйткені, Тәуелсіздік ата-бабаларымыздың қан мен терімен келген ұлы мұра болса, ал біз-сол мұраны сақтаушыларымыз. Біздің міндетіміз сол мұраны сақтап қана қоймай, дамыту, гүлдендіру, қолымыздан келгенше барын жасап, болашақ ұрпаққа табыстау. Әрбір азаттық туралы естіген азаматты «Осы тәуелсіздікке қалай жеттік?», «Мен оның өрлеуіне қандай үлес қоса аламын?» деген ойлар мазалаған шығар. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет.

1991 жылғы 16 желтоқсанда алғашқы Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды. Қазақстанның Тәуелсіздігін ресми түрде ең алғаш болып мұхиттың арғы жағында жатқан Америка Құрама Штаттары мойындады, екінші болып айдаһардай айбарлы Қытай, сонан соң Ұлыбритания мойындады. Оның артынан Моңғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея және Иран Ислам мемлекеті мойындады. Қазақ халқының егемендікке ұмтылған қадамы сәтпен жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет - Тәуелсіз Қазақстан Республикасы, дербес қазақ елі келді. 1991 жылдың 17 желтоқсанында Алматыдағы Орталық алаңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін дербес мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ-на кірді. Сонымен қоса Халықаралық валюта қорына, Халықаралық реконструкция және даму банкісіне, Дүниежүзілік банктің, Халықаралық даму ассоциациясының, Инвестицияға кепілдік беретін көп жақты агенттіктің, Инвестициялық таластарды шешу жөніндегі халықаралық орталықтың, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болды. Оған қоса, БҰҰ-ның шешімімен тарихқа «Бейбітшілік миссиясы» ретінде енген, Семей ядролық полигонын жабу секілді ғаламдық маңызға ие шараларға қол жеткіздік. Қазақстан Республикасы ТМД мемлекеттері арасында бірінші болып ұзақ мерзімге арналған стратегиялық дамуы

жоспарын таңдап алған елдің бірі болды. 1997 жылдың 11 қазанында «Қазақстан—2030» атты ұзақ мерзімді дамуы стратегиялық бағдарламасын қабылдады.

Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңдері әрине оңай болмады. Көршілес елдермен жер мәселесі өзекті болғанымен, қатар мәмлеге келіп аумағымызды заңды түрде рәсімдедік. Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең алдымен көршілес шет елдермен екі арадағы шекараны дәйектілікпен бекітті. «Қазақстан—Қытай мемлекеттік шекара сызығын демаркациялау туралы хаттаманы бекіту» заңына сәйкес 1999 жылы мемлекет басшылары шекаралық мәселелерді толық реттеп, құжатқа қол қойды. Бұл келісім-шарттың тарихи маңызы ерекше зор еді. Себебі Қытай 15 мемлекетпен шектеседі. Олардың бізден басқа бір де біреуімен Қытайдың толық шекаралық келісімі әлі жоқ. Ғасырдан ғасырға созылған шекаралық дауға соңғы нүкте қойылды. Енді 1782 шақырымдық шекара сызығындағы белдеу халықаралық деңгейде мойындалған заңмен қорғалады. Ал 2005 жылы 18 қаңтарда әлемдегі ең ұзын шекаралық белдеу болған Қазақстан-Ресей шекарасы анықталып, БҰҰ тарапынан мойындалды. Қазақстан-Ресей шекаралары құрлықтағы ең ұзын шекара болып табылады. Оның ұзындығы 7591 шақырымды құрайды. Қазақстан мен Ресей арасындағы шекараны межелеу сияқты саяси салмағы ауыр мәселе әлемдік халықаралық құқықтық тәжірибеде өте сирек кездеседі, соған қарамастан қысқа уақыт аралығында шекара сызығының барлық нүктелері келістірілді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы белгіленді. Табысты жүргізілген сыртқы саясаттағы жетістіктердің арқасында Қазақстан Республикасы БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ, ИКҰ секілді беделді халықаралық ұйымдардың салмақты мүшесіне айналып қана қоймай, мемлекетаралық қарым-қатынастарда да еліміздің мәртебесін көтеретін саяси оқиғаларға, тарихи кезеңдерге де бастамашы болды. 2010 жылдың 1–2 желтоқсанында Қазақстан Республикасының төрағалығымен ЕҚЫҰ-ның 56 мемлекетінің басшылары елордамызда бас қосып, Астана доктринасын бірауыздан қабылдады. 2017 жылдың 22 қарашасында Францияның астанасы Париж қаласында ХКБ-нің ЕХРО халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясында жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша бельгиялық Льеж қаласы

44 дауыс жинап, ал Астанаға 103 мүше-мемлекеті дауыс беріп, Қазақстан «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізушісі болып саналды. Қ а з а қ с т а н п о с т к е н е с т і к к е н і с т і к т е өз аумағында кең ауқымды көрме өткізу құқығына ие болған бірінші ел болды. Жалпы, Ұлыбритания, Франция, АҚШ, Австралия, Австрия, Бельгия, Италия, Канада, Испания, Бразилия, Оңтүстік Корея, Португалия, Германия, Қытай және Түркия сияқты елдер өз кезінде бүкіләлемдік көрме өткізген. Ал, сол тізімнің ішінде болу айтарлықтай абырой, мәртебе. «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі – Қазақстанның астанасы Астана қаласында 2017 жылдың 10 маусымынан 10 қыркүйегіне дейін «Болашақ энергиясы» тақырыбымен өтті. Ұйымдастырушылардың мәліметтері бойынша, көрмеге 2,4 миллион адам келген, оның 700-800 мыңға жуығы шетелдік туристер. Олар Астанамызды көріп, ерешекше сезімде қалғандарын жеткізген болатын.

2019 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өз өкілеттігін тоқтатты. 9 маусымда кезектен тыс сайлау өтіп, 70 пайыздан астам дауыс жинаған Қасым-Жомарт Тоқаев ел Президенті болып сайланды. Қазіргі кезде ел ауқатын көтеру мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілу арқасында еліміз гүлденіп, өрлеуде.

Тәуелсіз ел болу - оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс. Сондықтан, бар Қазақстан азаматын елімізге өз үлесін қосуға шақырамын!

Аида ҒАБИТОВА,

Есеп және Аудит-21 тобының студенті

Жаңа ел болуға талпынған сәт. Жарқын болашаққа қол созған халық. Жәутең көз, кіршіксіз көңіл, үмітті жанар. Сол бір күн. Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылған емес. Батыл да, батыр жастар үні әлі күнге дейін сол алаңда естілер ме дерсің?!

Тәуелсіз ел болып өмір сүріп жатқанымызға - 31 жыл. Бодандықтың иісін иіскеп жүргеніміз қандай бақыт. Осы тыныш өмір сүруге тер төккен жандар аз емес. Қазақ хандығы тұсынан бері тұтас ел болуға ұмтылған азаматтар арқасында тәуелсіз ел болып өмір сүріп келеміз. Тарихтың әр тармағынан сыр шертер болсақ, айтылар дүние айқын. Кеңес үкіметі құрылған кезеңнен бірлікке ұмтылған әр ұлтжанды тұлғаның аманаты біздің мойынымызда. Қаһарлы Кеңес күшіне қарамай біздің тәуелсіздігімізді, жарқын күнімізді алып берген Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевқа айтылар алғыс көп. Ал осы Тұңғыш Елбасымыз сыйлаған Тәуелсіздік жылдары қалай өтті?

Біз Тәуелсіздік алған 30 жылды үш онжылдыққа бөліп қарастыра аламыз. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр. Алғашқы он жылдық – даму жолындағы іргетастың қалануы. Тұңғыш Елбасымыздың өнегелі істері, мем-

Бұлт артынан шыққан күн!

лекет нышандарының қабылдануы, ұлттық теңгеміздің пайда болуы, Ата заңымыздың қабылдануы нық та әрі батыл қадамдар еді. Халықаралық ұйымдарға кіріп, шет елдермен дипломатиялық қарым-қатынас жасауымыз мемлекетіміздің келесі кезеңге өтуіне зор мүмкіндіктер сыйлады. Екінші он жылдық – еліміздің керегесінің кеңеюі. Бұл кезеңдегі елеулі іс 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, тарихымыздың тармақтарын таныту еді. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін өткізді, шекарамызды айқындап, заң жүзінде бекіттік, өзге де бірқатар маңызды халықаралық жобаларға бастамашы болдық. Үшінші он жылдықта шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналдық. Шекара мәселесін біржола шештік. «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдап, озық дамыған отыз елдің қатарына қосылуды межеледік.

Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің тағы да бір жылға жаңаруы құтты болсын! Жарқын болашақ жүлделі жылдардан

кейін кейінгі ұрпақтың нәтижелі жұмысын көруді қалайды. Себебі, әр дамыған мемлекетті аяқтан шалатындар аз емес. Осы тұста елінің жарқын келешегі үшін күресетін жастарымыздың сапалы жұмысының көп салалы болуын қолға алуымыз керек. Ендігі он жылдықтар заманауи, озық ойлы жастарды күтеді. Талпынған жастарымыз бен талапты болашақ ғалымдарымыз көп болғай. Мағжан сенген үмітті ақтауға тырысайық. Тәуелсіздігіміз мәңгі болғай!

Зада БАҚТЫҒАЛИ,

МТЖ-11 тобының студенті

ТӘҢІР БЕРГЕН ТӘТТІ СЫҮ

Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз. Еркіндіктің де жолы жеңіл емес. Осы жолда ата-баба қанға малынғаны да рас. Сондай тұлғалардың арқасында бейбіт күннің жарығын көрудеміз.

Тәуелсіздік – жан тыныштығы. Елің аман болса, жаның да тыныш емес пе? Ешкімге бағынбай, ешкімге құл болмай өмір сүру - ең тәттісі. Осы бір тәтті шақтың дәмін татқызыңа аға-апаларымызға да айтар алғысымыз шексіз. Қайрат, Ербол, Сабира, Ляззат сынды қандас бауырларымыздың қаны желтоқсан оқиғасында судай шашылғанын ешбір қазақ ұмытпағаны абзал.

Сонау қазақ хандығы құрылғаннан бері ата-бабамыз сол бір еркіндік үшін ақ білектің күшімен, ақ найзаның


ұшымын жауға қасқайып қарсы тұрды. Бертін келе, Ұлы Отан соғысына назар салсақ, мақсаты да бейбіт өмір еді. Ел жадында естен кетпестей оқиғалар - жастарға Тәуелсіздіктің қадірін ұғындырады деп ойлаймын. Бақытты шағымыздың астарында қаншама көз жас, қаншама қан жатырғанын ұғынуымыз керек.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, қиындықпен келген тәуелсіз күніміздің қадірін біліп, ел үмітін ақтау - жастардың міндеті. Мағжан Жұмабаев айтқандай ел жастарға сенеді. Ұлы тұлғаларымыз қалдырған мақсаты асқақ ақ жолды ардақтап, келешек ұрпаққа абыроймен табыстайық. Еліміздің Тәуелсіздігін мақтан етіп, қиындыққа толы жолын жадымыздан шығармайық.

Махаббат ҚҰРМАНҒАЗЫ,

Б-11 тобының студенті





ПЕДАГОГИКА факультеті

Ғалымдар кітапханасы

Жұбан Молдағалиев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында “Ғалымдар кітапханада” жобасының аясында түркітанушы ғалым, “Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы” атағының екі дүркін иегері, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері Сабыр Мұрат Бөкенбайұлымен “Тағылымы мол ұстаз-ғалым” атты кездесу кеші өтті. Кешке Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенттері де белсене қатысып, сұхбаттасқан болатын.



Кездесу барысында жиналғандар ғалымның өмір жолымен, жеткен жетістіктерімен танысты. Мұрат Бөкенбайұлы ғылым жолына алғаш аяқ басқан сәттері, ірі тұлғалармен кездесулері жайлы әңгімеледі.

Шараға Мұрат ағамыздың үзеңгілес замандастары

да келген болатын. Кездесуге қатысушылар арнайы ұйымдастырылған кітап көрмесін және ғалымның өмірінен сыр шертетін фотосуреттерді тамашалады.

Қарақат АМАНГЕЛЬДИНА

Жуырда М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультетінің ҚР Президенті атындағы және А.С.Пушкин атындағы атаулы шәкіртақы иегерлерінің ұйымдастыруымен «Тапқырлар тартысы» интеллектуалды ойыны өткізілген болатын. Мақсаты - қатысушыларымыздың Тәуелсіздікке байланысты білімдерін саралау, топпен бірлесе отырып жұмыс істей білуге үйрету.

Тапқырлар тартысы



Студенттердің сөздік қорын молайту, дүниетанымдарын кеңейту, тіл байлығын, шығармашылық қиялын, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру. Ойынымызға «Достық», «Болашақ», «Кемеңгер» атымен 3 топ қатысты. Барлық

топ қатысушылары өте белсенді түрде ат салысты және өздерінің білім деңгейлерінің жоғары екенін көрсетті. Шара соңында «Болашақ» тобы жеңіске жетіп, дипломмен марапатталды. Ал қалған топтарға арнайы Алғыс хат табысталды.

Гүлсезім СЕРІКБАЕВА

Педагогика факультетінің «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының аға оқытушысы Г.Б.Мусағалиеваның және педагогика факультетінің кітапханашысы Гулшира Шадеповнаның ұйымдастырумен БОПӨ-11 тобында «Туған өлкенің ұлы есімдері» атты тақырыпта конференция оздырылды.

Туған өлкенің ұлы есімдері

Мақсаты - Ө.Нұршайықовтың туылғанына 100 жыл, Ш.Мұртазаның туғанына 90 жыл, А.Таймановқа 105 жыл, М.Тілеужановқа 95 жыл толуына орай ұлы есімдерді ұлықтау және салған сара жолдарын, жазған еңбектерін, ашқан жаңалықтарын дәріптеу және оларды ұмытпау.

Шараға ғылыми көркем әдебиеттер бөлімінің кітапханашысы Мақпал Галимовна мен Педагогика факультетінің кітапханашысы Гулшира Шадеповна және «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының 4-курс студенттері, оқытушылар және кітапхана ұжымы қатысты. Конференцияда студенттер:

I топ – «Ө. Нұршайықовтың туғанына 100 жыл»;

II топ – «Ш.Мұртазаның туғанына 90 жыл»;

III топ – «А.Таймановқа 105 жыл»;

IV топ – «М.Тілеужановқа 95 жыл» тақырыпта-рында топқа бөлініп, ұлы тұлғаларды әр қырынан зерттеп, еңбектерін талдады.

Конференцияда кітапханашы Гулшира Шадеповна сөз алып, ақын, жазушыларға арналған көрмесін таныстырды.

Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, педагогика факультетінің студенттерінен құралған «Ақниет» қайырымдылық ұйымы және педагогика факультетінің студенттері жақында «Қариялар үйіне» барып, «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» атты концерттік бағдарлама қойды. Шараның мақсаты – қарияларды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтау, қарияларымызға қуаныш сыйлау және қайырымдылық жәрмеңкесінен түскен қаражатқа бос уақытты көңілді өткізу үшін шахмат, тоғызқұмалақ және т.б. ойын түрлерін сыйға тарту. Барғаннан кейін ұйым мүшелері және педагогика факультетінің студенттері өз өнерлерін көрсетті, концерттің соңы би кешіне жалғасып, қарияларымыз өз алғыстарын айтты.



Әмина КӨШКІНБАЕВА

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Серікбаева Гүлсезім



ФИЛОЛОГИЯ факультеті

ШЫНДЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ – ШЕР АҒА

Әдебиет – тек әдемі, әсерлі сөз ғана емес. Ол – шындықты көрсету, оқырманды түзу жолға салып, оған рухани бағыт беретін темірқазық болу. Жазуды жан сарайының қаруы еткен жазушылардың бір қолында қалам болса, бір қолында шүбәсіз шындық тұрады. Осы екеуін де жанына серік еткен, шын мәнісінде халық жазушысы аталатын тұлға – Шерхан Мұртаза еді.

Жазушының туғанына 90 жыл толуына орай Филология факультеті, «Филология: қазақ тілі» білім беру бағдарламасы, Фил-43 тобының студенттері әдеби-шығармашылық кеш өткізді. Шара Ш.Мұртаза туралы бейнероликтен басталып, топ студенттерінің ізденісі мен шығармашылығының жетегімен ары қарай өрбіді. Филология факультетінің деканы Ақболатов Айдарбек Ахметұлы сөз сөйлеп, Ш.Мұртазаның қазақ әдебиетінде маңызын екшей түсті. Арай Зайдекенова модератор болып, Құншуақ Жами «Ш.Мұртазаның журналистикалық мұрасы», Сымбат Букенбаева «Ш.Мұртазаның әдеби шығармашылығы» бойынша білгенін бөлісті. Зухра Рысқалиева ақын Әлібек Шегебайдың «Шерхан – шер» атты арнауын мәнерлеп оқып, бар жанарды жаулады. Кештің бел ортасында Дәметкен Сағынбаева жазушының «Қызыл жебе» романы бойынша пікірін айтса, Айым Қойшыбай кесек тұлғаның кесімді нақыл сөздерінен сыр шертті. Алтынғұл Фазылова жазушының аудармашылық қабілетін көпке танытса, Аружан Елтаева «Ай мен Айша» романына талдау жасады. Ай мен Айшаның табысып, сырласу сәтінен қойылым қойылып, Айдана Махсотова, Ернар Тәжімағанбет, Тоғжан Байекенова өз рөлдерін сомдап шықты. Ал домбыраны жанына қазық еткен Аида Оразова ақын Ғайсағали Сейтақтың арнауын домбыра мақамына салып, кешті қорытындылады.

Сонымен қатар, арқалы университетіміздегі ғылыми



кітапхананың кітапханашысы Нурғалиева Садап «Қазақ әдебиетінің Қызыл жебесі» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады. Осылайша, арда жазушы Шерхан Мұртазаның артында мұра боп бір емес, мың кем дүние қалғанының тағы бір мәрте куәсі болдық.

Дәметкен САҒЫНБАЕВА,
Филология факультетінің 4-курс студенті

Желтоқсан айының алғашқы аптасында Филология факультетінің белсенділері және «Ақжүрек» ұйымының мүшелері бірлесе отырып, қайырымдылық жасау ниетте балалар үйіне бару үшін арнайы қор ашқан болатын. Бұл ойымызды құптаған көптеген қайырымды жандар ерекше ықыластарын білдіре отырып, өз үлестерін қосты. Жиналған қаржыға балаларға қажетті керек-жарақтар алынды. Сөйтіп, ұйым мүшелері мен факультетіміздің белсенділері қасиетті жұма күні балалар үйіне жол тартты.

Қайырымдылық — ізгілік нұры



Қайырымдылық кешін ұйымдастырудағы басты мақсатымыз әр балаға тамаша көңіл-күй сыйлап, сол бір күнді балалардың ерекше естерінде қалатындай етіп өткізу болатын. Кешіміз концерттік бағдарламамен басталды. Кейін балаларға көптеген қызықты ойындар ойнатылып, арнайы дайындалған сыйлықтар табысталды. Әрмен қарай кеш еріктілеріміз дайындаған «Бауырсақ»

ертегісін сахналаумен жалғасты. Балалар заманауи үлгідегі ертегінің ұнағаны туралы ойларын айтты.

Қайырымдылық кешіміздің нәтижесінде барлығына ерекше көңіл-күй сыйлап, бәрімен қимай-қимай қоштастық. Осындай игі бастамамызға үлесін қосқан әр жанға алғысымызды білдіреміз және сіз бен біз болып алда талай жақсылық жасаймыз деген ниеттеміз!

Аптаның сәтті сәрсенбесінде «BQY-Party» атты кешіміз өтті. Кешіміздің басты ерекшелігі әр факультеттің белгілі түсті алып, кештің креативті өтуі үшін өздерімен бірге берілген түс бойынша тағам әкелуі болды. Осылайша, кешіміз студенттерді ерекше қолдаумен күтіп алып, өз жалғасын тапты.

Кеш еркін форматта өткендіктен барлығы өздерін емін-еркін сезінді. Ең алдымен, серігіп алу мақсатында барлығына белгілі «Игра в кальмара» атты танымдық сериалдағы ойынмен бастадық. Содан кейін, жастар ісі жөніндегі комитетінің әдіскері Өмірбек Серғалиұлы мен студенттік ректор Чингиз Миржановичке сөз кезегі беріліп, кешіміз ресми түрде ашық деп жарияланды.

Әр студент назардан тыс қалмас үшін,

„BQY-Party“

барлығына жеке-жеке ойын ойнатып, өзара жарыс ұйымдастырдық. Яғни, бірінші ойынға шыққан адам екінші ойынға қайталанып шықпай, басқа студенттің шығуы маңызды болды. Осы мақсатта біз әр ойын бойынша араларынан бір үздікті анықтап отырдық. Осылайша, кешіміздің соңында факультеттің студенттік декандарына сөз кезегі ұсынылды және барлық факультет марапатталды.

Айта кеткендей, әр ойнатылған ойынның ішіндегі үздіктерді жеке-жеке диплом, лентамен марапаттадық. Нәтижесінде, әр факультеттен «Ең үздік тиктокерша» жаратылыстану-география факультетінің студенті Дильназ Мейрамбекқызы, «Ең үздік джокер» педагогика факультетінің студенті Тілеужан Сабыржанұлы, «Ең үздік шпион» мәдениет және өнер факультетінің студенттік деканы Мағжан Мағданұлы атанса, көптен күттірген кештің «Ең

Филология факультетінің Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен Тәуелсіздік күнінің қарсаңында «Абадан» шарасы өткізілді.

Тәуелсіздік – аңсаған арман, қол жеткен мұрат

«Абадан» деп қасқырдың үйірін бастайтын көкжалды атайтындығын ескере келе, кешімізге қазақты Тәуелсіздіктің тұғырына бастаған аға-апаларымыздың құрметіне жоғарыдағыдай атау бердік.

Шара шымылдығы Тәуелсіздік тарихын бейнелейтін бейнероликпен ашылды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны шырқалып, өр рухты аға-әпкелеріміздің құрметіне 1 минуттық үнсіздік жарияланды. Шараны ресми түрде ашу үшін Филология факультетінің деканы Ақболатов Айдарбек Ахметұлы мен Филология факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлжан Мұратқызына сөз кезегі берілді. Кеште арнау ән шырқалып, күй күмбірледі, поэзия оқылды. Студенттеріміз дүниені дүр сілкіндірердей рухты лепті көрініспен бейнеледі.

Тәуелсіздіктің туғызған жігерлі жастар құрметіне арналған «Абадан» рухты кеші 1986 жылы еліміздің жарқын болашағы үшін тәуекел еткен жастарымызды еске алу мен олардың ерліктеріне тағзым етуге арналды.

Рану РУСПАНҚЫЗЫ,
Филология факультетінің 1-курс студенті

Ар намысым, қасіретім, мақтанышым – Желтоқсан

Жақында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті филология факультетінің шетел тілі: екі шет тілі мамандығының ИЯ-47 және ИЯ-45 тобының студенттерінің ұйымдастыруымен «Ар намысым, қасіретім, мақтанышым – Желтоқсан» атты тақырыпта еске алу кураторлық сағаты өткізілген болатын.

Деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Болат Гүлжан Мұратқызы мен шетел тілдері кафедрасының француз тілінің аға оқытушысы Бекмұхамбетова Салтанат Болатқызы мен жастар ісі жөніндегі комитетінің әдіскері Өмірбек Арстан, ИЯ-47 тобының кураторы Кабасова Канзия Айтпаева мен ИЯ-45 тобының кураторы және шет тілдер кафедрасының меңгерушісі Нвекова Дамира Бақтығалиевна қонақ болып қатысты. Кураторлық сағаттың алдында Желтоқсан құрбандарына 1 минут үнсіздік жарияланды. Шараны Гүлжан Мұратқызы жылы лебізді тілектерін білдіріп, Желтоқсан оқиғасының шет жағасын көріп, Алматы қаласындағы бұл толқу туралы өзі көріп-естіп білгенін Салтанат Болатқызы өз сөзімен бастады. Жүргізушілер Бисенғали Шерхан мен Жүгініс әрі қарай студенттердің дайындаған презентациялары мен деректі бейнероликтері жайлы толық ақпарат айтып жалғастырды. ИЯ-47 және ИЯ-45 тобының студенттері 1986 жылғы студенттердің бейбіт шеруге қалай шығып кеткендігі жайлы шағын көрініс ұйымдастырып, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаевтар жайлы толығырақ презентациялар мен деректі бейне-интервьюлерінде көрсетіп айтты. Студенттер арасынан Асылбекова Аяжан, Қыдырәлі Жұлдыз, Сейтбек Дана, Мырзағали Аружан, Мухамбеткалиева Амина поэзия жолдарын оқыды.

Қорытынды сөз ИЯ-47 тобының кураторы Кабасова Канзия Айтпаевнаға берілді. Барлық студенттер кураторлық сағат соңында «Желтоқсан желі ызғарлы» әнін шырқап естелік фотосуретке түсті.

Амина МУХАМБЕТКАЛИЕВА,
Филология факультетінің 4-курс студенті

үздік ханзадасы» мен «Ең үздік ханшайымы» болып, мәдениет және өнер факультетінің 1-курс студенті Мақсат Бекболатұлы мен тарих, экономика және құқық факультетінің студенттік деканы Кәмшат Қайратқызы марапатталды. «BQY-Party» кеші осылайша қызықты, көңілді, еркін аяқталды.

Рану РУСПАНҚЫЗЫ,
Филология факультетінің 1-курс студенті

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Ақторғын Жасқайратқызы

В коллективе Западно-Казахстанского университета имени М. Утемисова много преподавателей, которые достойно трудились и всю свою жизнь воспитывали сознательных студентов. Среди них наша глубокоуважаемая Череватова Нина Константиновна - профессор ЗКУ, кандидат химических наук, доцент кафедры химии, активно занимающаяся научной деятельностью.

«ХИМИЯ - ЖИЗНЬ, А ЖИЗНЬ - ХИМИЯ!»

М.И. Бармин

Н.К. Череватова является профессиональным ученым высшего уровня, специализирующимся в области органической химии. В течение 11 лет возглавляла кафедру химии, она отличилась своей педантичностью, компетенцией и получила признание коллег. Под руководством Нины Константиновны было опубликовано более 120 научных работ в области органической химии, монографий, учебные и научно-методические пособия, электронные учебники и практикумы, которые успешно используются в программе обучения студентов различных специальностей.

Исследования, которыми занимается Нина Константиновна, имеют большое значение не только для науки, но и для всего

человечества. В своих работах, ученый ставит актуальные вопросы, касающиеся пищевой промышленности и других не менее важных аспектов жизни. Например, в соавторстве с рядом ученых, была опубликована статья в рамках IX Международной научно-практической конференции «Научные достижения биологии, химии, физики», которая прошла в 2012 году, в г. Новосибирск. За годы преданной работы в нашем университете, Нина Константиновна также повышала квалификацию, которая осуществлялась в г. Москве (МГУ им. М.В.Ломоносова), г. Санкт-Петербург (ЛГУ), г. Алматы (НГУ им. Аль-Фараби) по органической химии, в 2020 году прошла онлайн курсы повышения квалификации по теме «Органическая химия» г. Алматы. Таким образом, вклад

в науку Нины Константиновны неоднозначен и заслуживает внимания.

В юбилейный день рождения уважаемой Нины Константиновны, ректор Н.Х. Сергалиев поздравил именинницу, выразил благодарность и сердечную признательность за многолетний вклад в развитие нашего ВУЗа в сфере подготовки научных и педагогических кадров. «Пусть бодрость духа, энергия и оптимизм помогут Вам решать самые сложные задачи на благо кафедры и всего университета. А высокие профессиональные и человеческие качества станут залогом дальнейших успехов и развития» - пожелал он, беседуя с Ниной Константиновной за чашечкой чая.

Н.К. Череватова в числе немногих тех, кто является



ветераном науки, заслуженным деятелем и просто прекрасным человеком, поэтому хотим сказать ей теплые слова и пожелать всех благ. Пусть вся ваша теплота, подаренная ученикам, возвращается к вам в разы в большем объеме. Пусть счастье окутает вас, пусть студенты

остаются благодарны вам на всю жизнь за ваш труд, терпение и благородство. Желаем, чтобы вдохновение не покидало вас, чтобы все ваши поставленные и намеченные задачи обязательно претворялись в жизнь!

Аяулым АШИМЖАНОВА

БКУ-лық театр — жеңімпаз

Таяуда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Шаңырақ» студенттік театрының ұйымдастыруымен студенттік театрлардың II республикалық фестивалі өтті. Оған еліміздегі жоғары оқу орындарының 11 шығармашылық ұжымы қатысты.

Фестивальдің мақсаты – дарынды студент-жастардың өнерін қолдау және ынталандыру, талантты авторларды, жас режиссерларды анықтап, жоғары оқу орны студенттері арасындағы достық қарым-қатынас пен шығармашылық байланысты нығайту. Қойылымға Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Кенжеғали Мыржықбай, Тұңғыш Президент қоры сыйлығының лауреаты, актер, режиссер Нұрлан Қалиев, актер, режиссер



Аман Ғұмаров, Өзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрының әртісі Гүлмира Жакилина сынды кәсіби мамандар қазылық етіп, өз бағасын берді.

Аталмыш байқауда М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Мұрагер» студенттік театры жүлделі I орынды иемденді. Байқауда бақ сынаған театр ұжымы Дулат Исабековтің «Есепшот, түйетауық және домино» шығармасының желісімен жазылған спектакльді сахналаған. Жетекшісі – Исакова Индира Идиятқызы.

Жеңімпаздарды университет ректоры Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы арнайы қабылдап, театр құрамын жетістіктерімен құттықтап, университет атынан сый-сиялатын тарту етті. Өз кезегінде студенттік ұйым мүшелері де ұстаздары мен университет ұжымына өз ризашылықтарын білдіріп, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ректоры Сыдықов Ерлан Бәтташұлының Алғыс хатын табыстады.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА



Красота спасет мир!

Калиева Асель Аскарровна, студентка группы МидК-31, обладательница титула «III VICE MISS URALSK - 2022», профессиональная модель, участница модных показов: «Kazakhstan Fashion Week», «Uralsk Fashion Week», а также международных и городских мероприятий.

Свою модельную карьеру Асель начала в 2017 году. Выпускница модельной школы «Zhuldyz Pro», которая является организатором регионального конкурса «Мисс Уральск». Благодаря упорному труду, Асель с 15 лет уверенно выступала на показах, презентациях, мероприятиях города, сотрудничала с магазинами и начала сниматься в творческих съемках. Принимала приглашения на мировой уровень в моделинг в Европу и Россию, также на недели мод в странах Азербайджан и Узбекистан.

Асель с маленьких лет на сцене, не боится публики, лишь заряжается восхищением. Природа наградила ее большой уникальностью - это высокий рост. Ранее занималась народными танцами, а со временем выбрала моделинг. Свою жизнь планирует связать только с мировым подиумом, как модель, и как будущий дизайнер. Пожелаем Асель удачи и успехов!

Аяулым АШИМЖАНОВА



«ЖЫЛ ОҚЫРМАНЫ»

АНЫҚТАЛДЫ

XXI ғасыр - білім, ғылымның ғасыры. Ал білімнің көусар бұлағы кітап екені бәрімізге аян. Сондықтан, еліміздің болашағы жастардың ғылым, білім жолындағы өмірлік құлшынысына жолдама беретін мәдени орталыққа айналып отырған бұл – кітапхана. Бүгінде рухани өміріміздің өзегі іспеттес ғылымды көпшілік оқырманға, ертеңгі ел тізгінін ұстар жас жеткіншек ұрпаққа насихаттауда, рухани-мәдени байлығымызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші кітапхана болса, сол байлықты өз оқырманына таныстырып, табыстырушы өзіндік тұлға, ол – кітапханашы.

Жастарды кітап оқуға тарту арқылы студенттердің тұлғалық дамуына, ой-өрісін кеңейтуге ықпал ету, белсенді оқырмандарды анықтап, ынталандыру мақсатында Ғылыми кітапхана жыл сайын «Жыл оқырманы» байқауын өткізуді дәстүрге айналдырды. Биыл да «Жыл оқырманы – 2022» байқауының арнайы марапаттау рәсімі өтті.



Кеш барысында 2019 жылы алғашқы «Жыл оқырманы» номинациясын жеңіп алған университетіміздің түлегі, қазіргі таңда №24 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазы Шайкенов Арман Жанұзақұлы мен 2021 жылы «Белсенді оқырман» номинациясын жеңіп алған физика мамандығының 4-курс студенті Елтаев Арынғазы жастарды кітап оқуға шақырды. Одан әрі филология факультетінің студенттері «Екі шет тілі» мамандығының 4-курс студенті Қыдыршаев Мақсат, Орынғалиева Қымбат пен 1-курс студенті Жолдас Нұрман «Жайық жылайды», 4-курс студенті Ғарифуллин Әділет өлеңдерді нақышына келтіре мәнерлеп оқыды. Республикалық додаларда бақ сынап жүрген «Мұрагер» студенттік театры да осы кештен табылып, Джеймс Гринвудтың «Өгей бала» қойылымын сомдады. Сондай-ақ, география мамандығының 1-курс студенті Тамирлан Түлеген «Балбырауын» күйін шертті.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, жүзден жүйрік шығып, «Жыл оқырманы – 2022» номинациясын Режиссура мамандығының 5-курс студенті Айдос Тасболатов иемденді. Ал «Белсенді оқырман – 2022» номинациясымен Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 4-курс студенті Оразбаева Ботагөз Нұрболатқызы, «Ізденімпаз оқырман – 2022» номинациясымен Режиссура мамандығының 5-курс студенті Бейбітов Айбек Бейбітұлы марапатталды.

Салатанатты шара соңында ғылыми кітапхана директоры Тоты Еркінқызы студенттерге өз ризашылығын білдіріп, «Кітап – адамзат мәдениетінің ең ұлы туындыларының бірі, кез-келген елдің мәдениетінің ең басты рухани ордасы — кітапхана» - деп кітаппен дос болуға шақырды.



Таяуда Тарих, экономика және құқық факультетінің ҚР Президенті атындағы атаулы шәкіртақы иегерлері К.Ихсанова, Ж.Қабекен, Ж.Зинолла, К.Липнау, А.Сагидулланың ұйымдастыруымен №3 жатақхана студенттеріне «Белсенділер vs №3 жатақхана» атты интеллектуалды ойын ұйымдастырды. Ойын барысында қызықты логикалық сұрақтар қойылып, түрлі ойындар ойнатылды.

БЕЛСЕНДІЛЕР vs №3 жатақхана

Шараның мақсаты - студенттер арасындағы достықты нығайту. 1-орынды жатақхана жігіттері иеленсе, 2-орынды «деканат» командасы қанжығаларына байлады. Белсенділер мен жатақхана студенттері аралас команда 3-орынға ие болды. Ал «Ақпен бірге» қыздардан құралған топ белсене қатысқаны үшін марапатталды.

К.ИХСАНОВА,
ҚР Президенті атындағы атаулы шәкіртақы иегері





ТАРИХ, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ факультеті

Независимость – это свобода

Прошло уже более 30 лет с принятия Закона о независимости. Ради достижения суверенитета, наш народ пережил очень многое, но, как по мне, больше всего постаралась партия Алаш-Орда, её лидеры и участники. Именно эти люди продвигали историю, язык, культуру и традиции нашей страны, не давая им забыться. Эти люди боролись за нашу независимость, не боясь, и не примыкая, требовали автономность у Российского правительства. Благодаря им наша страна получила автономность и стала КазССР.

Что же, мы немного ознакомились в историю, но хочется отметить, что и после обретения независимости Казахстан многого добился. Благодаря нашему первому Президенту Н.А. Назарбаеву, Казахстан быстро заработал авторитет на политической арене. Экономика нашей страны поднялась до неузнаваемости, но самой большой гордостью Казахстана стало единство всех наций, что позволяет более 100 этносов проживать в мире и согласии. Созданию подобной дружелюбной атмосферы в стране способствовало мудрое решение Первого Президента страны Нурсултана Назарбаева. В 1995 году была создана Ассамблея народа Казахстана. АНК не только объединяет все этносы страны, в рамках проводимых общих мероприятий, укрепляющих взаимопонимание и единство, но и играет важную роль в политической жизни страны. Получив статус конституционного органа с общественно-политическим статусом, Ассамблея народа Казахстана представлена в главном законодательном органе страны. Так, в Мажилисе Парламента РК группа АНК представлена 26 депутатами, которые охватывают своим вниманием самые различные проблемы государства и выдвигают законопроекты, направленные на улучшение качества жизни населения.

Говоря о достижениях страны, нельзя обойти вниманием столицу Казахстана. Сменив название с Астаны на Нур-Султан, город продолжает оставаться одним из самых современных на пространстве Евразии. Об этом говорит полученная еще в 1999 году награда от ЮНЕСКО «Город мира» - это почетное звание присваивается только тем городам, которые за относительно короткий срок показали результаты во всех основных сферах развития.

Всего за несколько лет в новой столице РК была фактически с нуля построена современнейшая инфраструктура на левобережье. За этот короткий срок

Левый берег стал центром города, где находятся здания всех основных государственных органов, Акорда, и получивший неофициальный статус символа страны монумент «Байтерек».

За годы своего правления страной Нурсултан Назарбаев активно продвигал Казахстан на мировой арене, как главную безъядерную страну мира. Свои слова Елбасы подкреплял конкретными делами, еще в 1991 году закрыв Семипалатинский полигон, после чего стали закрываться и полигоны в США, Франции, Великобритании и в Китае. Благодаря политике Первого Президента, Казахстан является одним из самых активных членов Договора о нераспространении ядерного оружия. В 2012 году Нурсултан Назарбаев стал инициатором международного проекта «АТОМ», основной целью которого стало привлечение внимания лидеров государств, от решения которых зависит вступление в силу Договора о всеобъемлющем запрещении ядерных испытаний. В 2014 году проект АТОМ был представлен в Италии, где был отмечен беспрецедентный вклад Казахстана в процесс ядерного разоружения и сокращения ядерной угрозы. Также, в течение последующих лет состоялись презентации в таких странах, как: Норвегия, Нидерланды, Швейцария, Россия, США, Финляндия, Австрия, Япония, Мексика и Германия.

Все это говорит о том, что Казахстан одна из лучших стран и в будущем её ждет еще больше достижений.

Айлана НАРИМАНОВА,
Юр-12

Тәуелсіздік елімнің шамшырағы

Тәуелсіздік елімнің шамшырағы,
Орнаса екен мызғымас мәңгі бағы.
Ерлігіне ерлердің басымды ием,
Құрбан болған тәуелсіздік жолындағы.
Жанын қиған жас өрендер елі үшін,
Қайсарлықтың паш еткендей үлгісін.
Тайсалмастан қарсы шығып басшыға,
Сыйға тартты тәуелсіздік теңдігін.
Қазақстан жер жәннаты, киелі орда,
Биік белес, асқақ асу әлі алда.
Бойында ерлігі бар батырлардың,
Еліміздің келешегі біздің қолда.

Нұрүстем САЙЛАУ,
Рег-11 тобының студенті

Тәуелсіздігіміз – елдігіміз

Тәуелсіздік деген алтын ұғым ғой,
Тәуелсіздік гауһар тастай жақұт қой.
Тәуелсіздік түсінгенге бағалы,
Басымызға қонған құстай бақыт қой.

Қарап тұрсам тәуелсіздік жолына,
Қанмен келген тәуелсіздік бағыма.
Білгейсіңдер тәуелсіздік бағасын,
Оңай келіп қонбағанын тағына.

Тәуелсіздік келген ата қанымен,
Ел боламыз өзіміз деп тәуелсіз.
Елі үшін құрбан болып күрескен,
Ерлеріміз қыршын кетті дәрменсіз.
Сексен алты боздақтардың жасымен,
Тоқсан бірде болдық біздер тәуелсіз.

Өте шықты уақыт деген отыз жыл
Қуанады, шаттанады көңіл шын.
Тәуелсіздік тұғырында тұрса екен!
Келер ұрпақ, еліңде еркін өмір сүр!

Мейіржан ИМАШЕВ,
Ист-13 тобының студенті

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ЕЛ – ГҮЛДЕНГЕН ЕЛ

Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті мен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті арасында жасалған ынтымақтастық туралы меморандумды жүзеге асыру аясында «Сыбайлас жемқорлықсыз ел – гүлденген ел» тақырыбында тарих, экономика және құқық факультетінің құқықтану, экономика, қаржы, есеп және аудит білім беру бағдарламасының 3-4-курс студенттерімен кездесу өткізілді.

Кездесу барысында студенттеріміз жұмыстың мәнін өз көздерімен көріп, салық туралы ақпараттармен танысты. Сонымен қатар, зейнетақы жарналары, жеке табыс салығы, жеке кәсіпті қалай ашу керектігі, кәсіпкер қандай салық төлейтіні және шағын бизнеске қатысты сұрақтарына жауап алды. Студенттер үшін кездесу өте пайдалы, нәтижелі болды.

Қабекен ЖҰПАРХАН,
ҚР Президенті атындағы шәкіртақы иегері

«ISTFAK AWARDS»



Жуырда Тарих, экономика және құқық факультетінде естен кетпес ерекше «ISTFAK AWARDS» салтанатты кеші ұйымдастырылды. 2-курс жетекшілері және 3,4-курс белсенділері ұжымдаса отыра 1-курс студенттеріне атаулы премияларын табыстады. Кеште әр бағыт бойынша үздіктердің үздігі анықталды.

Өзге факультеттің беделін асқақтатып жүрген студенттер шарамыздың құрметті қонақтары болды. Студенттік декан Камшат Қайратовна мен оның командасы 1-семестрдегі атқарылған жұмыстарын өте сәтті қорытындылады. Кеш қарапайым түрде емес, арнайы дресс-код және фуршеттен құралып, ресми премиялардан кем түспеді. Сол премияларға тоқтала өтсек, «Үздік биші» - Маманова Карина, «Үздік волонтер» - Зинеденова Аружан, «Үздік жүргізуші» - Айлана Нариманова, «Үздік көркемөз шебері» - Сайлау Нұрүстем, «Үздік домбырашы» - Имашев Мейіржан, «Үздік халық әні орындаушысы» - Орманова Сымбат, «Үздік ақын» - Хасан Диана, «Үздік мобилограф» - Балтабек Аружан, «Үздік IQ ұйымдастырушысы» - Болатова Нагима, «Үздік әнші» - Жұмабекқызы Гүлнұр, «Үздік организатор» - Кудбаева Дарина, «Үздік Жайдарман ойыншысы» - Хибашев Нұрдаулет, «Үздік спортшы» - Зекір Алтынбек, «Үздік топ» - «ИСТ-13» тобы, «Жыл серісі» - Бүркіт Дастан, «Жыл сұлуы» - Халиуллина Эмилия. Сонымен қатар, көптің көкейіндегі ең қызықты премия «Үздік жетекші» - Рамазанова Ақгүл. Арнайылап берілген премиялар 1-курс студенттеріне алдағы уақытта өз қабілеттері бойынша жұмыстануына үлкен мотивация болады деген сенімдеміз.

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Төлеу Аяулым



ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА факультеті

Шеберлік сағаты ұйымдастырылды

Университетіміздің 90 жылдық мерейтойына орай информатика кафедрасының оқытушысы Кубегенов Ерлан Сағынғалиұлының жетекшілігімен «Біз болашақтанбыз» атты тақырыпта «Информатика және Робототехника» білім беру бағдарламасының 1-курс студенттеріне робототехника құрастырудан шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Шеберлік сағатқа кафедрамыздың меңгерушісі А.А.Хамзина, оқытушылар Ж.Ж.Багисов, Б.С.Насырова қатысты.

Робототехника саласы – әлем бойынша ғылымының қарқынды дамуында және де нанотехнологияның алғашқы сатысы болып келеді. Сондықтан қазіргі жастарға IT технологияларды тез меңгеруге мүмкіндігі мол.

Шеберлік сағатына қатысушыларға роботтарды құрастырудың қыр-сыры мен тәсілдері көрсетіліп, қосымша ақпараттар берілді. Атап айтатын болсақ, «Математика-информатика» БББ-ның 3-курс студенті Тойлыбаев Сакен Picaso PRO және Anet E123 үш өлшемді басып шығаруға арналған принтердің арнайы бағдарламалық жасақтамасы көмегімен 3D модельдер құрып көрсетті.

Tetrex, Vex робот жиынтықтарының қолдану әдістерін, құрастыру және бағдарламалау үдерісін практикалық түрде «Физика-информатика» БББ-ның 4-курс студенті Ғазезов Бекзат өз жұмысын демонстрациялады.

Шеберлік сағатта 1-курс студенттеріне жаңашыл техникалық білім алуға деген құштарлығын дамыту, жаңа технологияның дамуына үлес қосу мақсатында Lego Mindstorms EV3 жиынтығын пайдаланып шағын модельдер құрастырылды, сонымен қатар бірнеше сұрақтар қойылып жауабын тапқан студентке үш



өлшемді принтерден басып шығарылған шағын модельді сыйлыққа ұсынды.

Шеберлік сағат соңында кафедрамыздың меңгерушісі Ақмарал Абилхайровнаға сөз беріліп, студенттердің робототехникаға қызығушылықтарының жоғары екенін айта келіп, студенттерге сәттілік тіледі.

Информатика кафедрасында «Адалдық сағаты» атты кураторлық сағат оздырылды. Кураторлық сағаттың мақсаты - жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтар аясында өскелең ұрпақтың бойына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және оған қарсы тұруға дайын тұлғаларды тәрбиелеу.

Адалдық сағаты

Аға куратор Булбул Сагинғалиевна:

- Сыбайлас жемқорлық – өте қауіпті, қоғамға зияны көп құбылыс. Қазақ қоғамы тарихы өмірінде мұндай іс-әрекетпен ежелден күрескен. Ежелгі қазақ қоғамында мұндай іс-әрекетпен айналысқан тұлға елден аластатылған, қуып жіберген. Мұндай ата-бабасының салтын, әділдігін бұзғандарды қаскөйлер деп атаған. Қазақстан жеке тәуелсіздік мемлекет болып жарияланған кезден бастап, бұл іс-әрекетке қарсы заңдылық тәртіп пен күрес шаралары қолға алынды. Бүгінде еліміз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу жолында көптеген заңдар қабылданып, оны шын мәнінде іске асырып отыр, - деді өз баяндамасында.

Кураторлық сағатқа кафедрамыздың аға оқытушылары

Иманғалиев Мирболат Мереевич, Акимова Сауле Муратовна, Курмашева Динара Наримановна қатысты. Сыбайлас жемқорлықты алдын-алу, құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою факторлеріне жете тоқталды.

Шара соңында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңының 367-бап. Пара беру, 366-бап. Пара алу, 368-бап. Парақорлыққа делдал болу баптарымен таныстырылып, студенттерге сессия алдында қосымша ақпараттар берілді. Еркін сұрақтар қойылып, студенттер өз ойларымен бөлісіп, фотосуретке түсіп шара өз мәресіне жетті.

ЖИТС - XXI ғасыр інгені

«Ұлт денсаулығы-біздің табысты болашағымыздың негізі».
Нұрсұлтан Назарбаев.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің физика-математика факультеті информатика кафедрасының ИС-11, ВТиПО-11 және ВТиПО-12 топтарының студенттері және топ кураторы М.Қ.Ерманованың ұйымдастыруымен дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күніне орай «ЖИТС - XXI ғасыр індеті» атты ашық кураторлық сағаты өтті.

Кураторлық сағаттың мақсаты – адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі СПИД дертінің алдын алу, оның жұғу жолдарын, одан сақтану, қорғана білу туралы түсіндіру, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.



Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлт денсаулығы - біздің табысты болашағымыздың негізі» деп өздеріңізге белгілі еліміздің дамуының ұзақ мерзімді «Қазақстан-2030» стратегиясында халық денсаулығын сақтауды басты бағдар ретінде қарастырған, яғни мемлекеттің бірінші кезектегі атқаратын шараларының бірі - халық денсаулығын нығайту.

Кураторлық сағатқа қатысқан қонағымыз «Батыс Қазақстан облыстық ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес орталығының» профилактикалық бөлімінің меңгерушісі, дәрігер-эпидемиолог Эльвира Ақылбековна Хафизова студенттерге ЖИТС-тің шығу тарихы жөнінде, жалпы аурудың белгілері, таралу жолдары жайлы ақпаратпен таныстырып, ақпараттық видеоларын көрсетті.

Шара әрі қарай студенттердің дайындаған видеосын тамашалаумен жалғасты. Осы індетке шалдыққан адамдарды қолдау мақсатында төсбелгілерін ағаш діңгегіне бекітіп, ілді.

Кураторлық сағатымыздың қонақтары физика-математика факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Иксебаева Жанна Сагинтаевна, информатика кафедрасының оқытушылары Насырова Бұлбұл Сагинғалиевна, Дошева Гүлжихан Абухановна, Амантурлина Гүлмира Қалдановна болды.

Кураторлық сағат мақсатына жетіп, студенттер қатерлі дерттің алдын алу жолдарын біліп, салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын ұғынды.

«БҚУ-90» фотосуреттер көрмесі ұйымдастырылды

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдығына орай физика-математика факультеті бойынша бекітілген іс-шаралардың жоспарына сәйкес информатика кафедрасы «Смарт-Махамбет» аясында «БҚУ-90» фотосуреттер көрмесі ұйымдастырылды. Фотосурет көрмесіне факультетіміздің барлық студенттері жұмылдырылды.

Көрмені кафедрамыздың доценті Медешова Айгуль Бақтығалиқызы ашты. Өз сөзінде университетіміздің тарихына тереңірек тоқталды, ағартушы тұлға, математик Асан Тайманов туралы жете айтып кетті. Өзі осы университетіміздің түлегі болғанын, мамандық таңдауда еш қателікке жолықпағанын, осы фотосуреттерге қарап студенттік шақтары есіне түскенін жасырмады.

Қара шаңырақтың 90 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған бұл шара студенттерге де ұнады, кезек-кезек фотоға түсіп өздеріне ұнаған фотоларға жүрекшелер қойды. Шараға кафедрамыздың оқытушылары да ат салысты. Физика-математика факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.С.Иксебаева, информатика кафедрасының орынбасары Хамзина Ақмарал Абулхайровна, аға зертханашы Майра Тулегеновна, аға оқытушы Сауле



Муратовна, оқытушы Жеңіс Жайлеевич, тәрбие ісі жөніндегі жұмыстың аға кураторы Насырова Булбул Сагинғалиевна қатысты.

Отандық фильмнің көрсетілімі талқыланды

2018 жылдан бері осы уақытқа дейін жастарға діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алуға бағытталған фильмдер көрсетілімін ұйымдастырып келеді. Бұдан бөлек жастардың бойында патриоттық, ұлтжандылық, рухани-адамгершілік сезімдерін нығайту мақсатында түрлі кездесулер т.б. шаралар тұрақты түрде өткізілуде. Осы жылы да аталған бағытта отандық фильм көрсетілімін ұйымдастыру жоспарлануда.

Шара мақсаты - дінге және жастардың діни экстремизмге шақырылу қауіптілігіне қатысты мәселелер өзектілігіне назар аудару, жастардың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, жасөспірімдер мен жастар арасындағы патриоттық сезімді, өзара сыйластықты, жауапкершілікті, отбасылық құндылықтарды, салт-дәстүрді насихаттау. Осыған орай, М.Өтемісов атындағы БҚУ Информатика кафедрасының 1 курс студенттері (И-11, ИР-11, ВТиПО-11, ИС-11, ВТиПО-12 топ студенттері) отандық «Сағым» фильмінің көрсетілімін тамашалады. Студенттер кино соңында өз ойларымен бөлісіп, мақсат талқыланды.

БЕТ РЕДАКТОРЫ:
Утепбергенова Гүлжауар



МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР факультеті

Мәдениет және өнер факультетінде көңілді әрі керемет кездесу кеші өтті. Студенттер көкейінде жүрген сұрақтардың сырын білу үшін 6 факультеттің басын қостық. Жауапкершілігі мол жұмыс атқарып жүрген, университетіміздің мақтаныштары, студенттік ректор бастаған өзін-өзі басқару ұйымы Мәдениет және өнер факультетінің бөлсенді 1-курс студенттерімен кездесті.

Талапты жастарымыз бен университетіміздің бетке ұстарлары арасында достық қарым-қатынас орнатып, тәжірибе алмасу мақсатында өткен кездесу барысында факультетіміздің студенттері тарапынан түрлі сауалдар қойылып, қанағаттанарлық жауаптар да алынды. Еркін отырып айтылған әңгімеден бөлек, кездесудің екінші бөлімінде көрермендер мен өзін-өзі басқару ұйымы мүшелерінің арасында өзара интеллектуалдық сайыс өтті. Тең дәрежеде біткен ойыннан соң, келген қонақтарымызға Мәдениет және өнер факультеті деканы тарапынан Алғыс хат табысталынды.

Бір үйдің баласындай



Халықтар дәстүрі

Өнер қара шаңырағында «Хореография және мәдени-тынығу жұмысы» кафедрасының «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығының 3-курс студенттері Абуова Роза Суиеугалиевнаның жетекшілігімен «МТЖ халықтық дәстүрлері» пәні бойынша өзіндік жұмыстарын орындады. Тақырыбы - «Өзірбайжан халқы».

Шара барысында Өзірбайжан халқының мәдениеті, дәстүрі, мемлекеті мен халқы жайлы сөз қозғалды. Студенттер қызықты деректермен бөлісіп, ұлттық тағамдарын ұсынды. Дәстүрлі би биленіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Шара соңында аға оқытушы Айтқалиева Дина Набиолловна сөз сөйлеп, Өзірбайжан еліне, Баку қаласына жасаған қызықты саясаты жайлы қысқаша айтып берді. Студенттерді қолдау ретінде тәтті бөлішімен бөлісті.

Тапқыр да, ізденімпаз студенттер бұл шара арқылы түрлі халықтар арасындағы достықты насихаттауда. «Өзірбайжан халқы» толықтай өзіндік жұмысты орындап, көрермендердің көңілінен шығып, оң бағасын алды.



ҚОРЖЫН ҚОРЫ КӨБЕЮДЕ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдығына орай ПОҚ және қызметкерлер арасында спорттық жарыстар өткізілді.

Футзал ойыны бойынша Мәдениет және өнер факультетінің құрама командасы жұлделі 1-орынды жеңіп алды. Өнер мен спортты біздің оқытушыларымыз бірге алып жүре алатынын көрсетті.

Барша қатысушы командаларға зор алғыс білдіреміз. Спортқа деген зейіңдеріңіз талмай, еңбектеріңіз еселенсін. Бірлікте болайық!

Талантты жастардың талапты жұмысы тағы да таңғалдырды. Қара шаңырақта тағы да керемет кеш өтті. «Хореография және мәдени-тынығу жұмысы» кафедрасының «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығының 2-курс студенттері өнер студенттеріне керемет көңіл-күй сыйлау мақсатында «Менің жауым...» атты өзгеше форматта шара ұйымдастырды. МТЖ-21 тобы өткізген шараның басты мақсаты алдағы уақытта келе жатқан емтихан алдында студенттердің көңіліндегі сәл болсын қобалжуды жеңілдетіп, апта соңын жақсы көңіл-күймен аяқтау еді.

Менің жауым...

Еркін әрі қызықты өткен концерттің көрерменге өзгеше әсер қалдырғаны анық. Шараның барысы тақырыптың өзінде айтылғандай ізденімпаз жастардың көңілінен шықты. Бұл кештің басты қонағы Мәдениет және өнер факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары, МТЖ-21 тобының кураторы Абылқайыр Мақсұтұлы болды. Жастар жанашыры бола білген кеш қонағы шара соңында өзінің лебіз тілегін жолдап, кешіміздің шымылдығын жауып берді.

Біздер тынығудың жастары...



Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасының 3-курс студенттері осы салада білім алып жатқан 1, 2, 4-курс студенттеріне арнап, «1-семинар» атты ерекше жанрда әсерлі кеш өткізді.

Кештің басты мақсаты бір ортада жүрген болашақ өнер адамдарын, болашақ ұйымдастырушыларды бір жерге жинап, мамандық бойынша ой талқылап, достық қарым-қатынас орнатып, жаңадан келген бірінші курс студенттеріне жылы лебіз сыйлау. Кештің шымылдығы мәдени – тынығу жұмысы мамандығына арнап шығарылған әнмен жабылды. Соңғы сөзді тәмамдау үшін кеш соңында мәдени – тынығу жұмысы-31 тобының кураторы Эннака Самигуллина қандай да болсын өнердің биік сахналарында өнер көрсетсек те, өнер ордамыздың «209-аудиториясы» өмірімізге бағыттаушы сахна болып қалатынын тілге тиек етті.

«Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» көрсеткен 3-курс студенттеріне керемет көңіл-күй сыйлағаны үшін алғыс білдіреміз. Кіші буынға жол көрсету істеріңізден ешқашан талмаңыздар. Өнерді насихаттаушы жастарымыз көп болғай!

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Зада Бақтығали



ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ГЕОГРАФИЯ факультеті

ТӘУЕЛСІЗДІК - төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн

«Тәуелсіздік – төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн». Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Биыл еркін ел болғанымызға отыз бір жыл. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекетінің, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы ұмтылған бостандықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды бәлес. Дәл осы тұста өскелең ұрпаққа тәуелсіздіктің оңай келмегендігін факультетіміздің студенттеріне түсіндіру мақсатында желтоқсан айының 14-ші жұлдызында «Тәуелсіздік – төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн» атты дөңгелек үстел форматындағы шара өткізілді.

Бұл шараға университетіміздегі тарих, экономика және құқық факультетінің ҚР тарихы кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Есеналин Ақылбек Фабиенұлы мен магистр, оқытушы Дарын Зейноллаұлы студенттермен кездесіп, желтоқсан оқиғасы жөнінде қойылған сұрақтарға жауап берді. Сондай-ақ, факультетіміздің

деканы Тургумбаев Ахан Асқарұлы шараға жиналған студенттерге еліміздің тәуелсіздігі жөнінде сөз сөйлеп, ел ертеңі жастардың қолында екенін айтты.

Шара басында студенттерге желтоқсан оқиғасы жөнінде арнайы бейнеролик көрсетіліп, ХБ-21 тобының студенті Тулеген Тамирланның орындауындағы «Көңіл толқыны» күйіне кезек берілді.

Шара соңында жаратылыстану-география факультетінің деканның тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Удреева Камшат Салихиденовна сөз алып, студенттерге, арнайы келген оқытушыларға өз лебізін білдірді.

Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың енесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын!



Иванов атындағы шәкіртақы иегері

Мен, Тунгатар Жангүлім Серікқызы - 90 жылдық тарихы бар қара шаңырағымыздың, жаратылыстану-география факультетінің БГ-21 тобының студенті ері старостасымын.

Университет қабырғасына келгеннен күні бүгінге дейін мақсатыма жетелейтін өз ұстанымдарым бар. Солардың бірі - «оқу азабы-уақытша, ал білімсіздік азабы-мәңгілік» деген. Сол үшін де білім алу мен үшін бәрінен де жоғары. Студент атанғалы, осы жауапкершілікті 2 есе мойныма арттым. Әрине, «еңбегіне қарай, нәтижесі» дегендей күз айында И.В.Иванов атындағы атаулы шәкіртақының иегері атандым. Бұл жеке өзіме үлкен қуаныш, үлкен жетістік, үлкен тәжірибе болды. Жаратылыстану-география факультетінің белсендісі болған соң, әрбір өткізілетін іс-шара, жарыстарға жауапты болып, жоғары деңгейде өткізу - менің міндетім.

Міндетім бұнымен тоқтап қалған емес. Бұл киелі шаңырақ пен факультет менің екінші үйім іспеттес, осындағы ұлағатты ұстаздар мен қызметкерлері және студенттер менің отбасымдай болып кеткен жандар. Студенттік деканның ғылыми бағыты бойынша орынбасары атанған соң, студенттердің ғылыми жоба, пікірталас, сайыстарға қатысуын, оқу үлгерімдерін қадағалауға атсалысып жүрмін. Ал менен кейінгі өкшемді басып, ізіммен іздері жалғанып келе жатқан студенттерге дұрыс бағдар беріп, қара шаңырағымызға үлесті адал тері қалғанша аянбай атсалысатын ұрпақ етіп тәрбиелеу, отбасымдай болып кеткен жандардың үміттерін ақтау-мына менің мойнымда!

Жангүлім Тунгатар,
БГ-21 тобының студенті

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ГЕОБОТАНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Жаратылыстану-география факультетінде биология мамандығының 4-курс студенттеріне «Биология және экология» кафедрасының аға оқытушысы, флорист Кажмуратова Жаннат Санкибаевнамен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Батыс Қазақстан облысының геоботаникалық зерттеулері» атты танымдық дәріс сабағы өткізілді.

Дәріс барысында студенттерге аға оқытушысы Кажымуратова Жаннат Санкибаевна Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданы бойынша



геоботаникалық зерттеулер нәтижесімен, Жаңақала ауданы флорасымен, өсімдік қауымдастығының туыстары мен

тұқымдастары, өсімдіктердің экологиялық-фитоценодикалық топтары, тіршілік формалары бойынша өсімдіктердің жіктелуі

туралы құнды мәліметтермен жақынырақ таныстырды. Сондай-ақ геоботаникалық зерттеулерге байланысты студенттердің қойған сұрақтарына жауап берді. Дәрісте геоботаникалық зерттеулер нәтижесінде жиналған арнайы фото материалдар, кепешөп үлгілері студенттерге көрсетілді.

Қорытындылай келе студенттер геоботаникалық зерттеулер бойынша өздеріне қажетті барлық ақпараттарды алып, болашақ биолог ретінде практикада өз кәделеріне жұмсайды деген сенімдеміз.

Таяуда факультетіміздің белсенді студенттері «Retro Fest GeoFak» шарасын өткізген болатын. Бұл шараның өзге шаралардан ерекшелігі тек өз студенттеріміздің арасында ғана емес, факультетаралық достық қарым-қатынасты көтеру мақсатында басқа факультеттің студенттері де шақырылып, ерекше жоба іске асты.

Шара еркін түрде өтіп, әртүрлі турлардан тұрды. Ойын ойнап, өнер көрсетіп, әр студент өздерін әртүрлі қырынан танытып, креативті тұрғыдан ерекшеленді.

Дресс-код бойынша да әр студент өзінше ерекшеленіп, кештің сәнін келтірді. 90-жылдардың атмосферасы ерекше сезілді. Соңында белсенді қатысқан студенттер арнайы сыйлықтарға ие болды. Өзге факультет студенттері алғыстарын білдіріп, әдемі кеш қорытындыланды.



ҚЫЗДАР СҰЛУ КӨРІНЕР ӨНЕРІМЕН

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің №2 студенттер үйінде жаратылыстану-география факультеті ұйымдастырған «Қыз сыны» атты шара өтті.

Мақсаты - қыздарды халқымыздың ізгі қасиеттері имандылық, инабаттылық, ізеттілік, ісмерлік негізінде тәрбиелеу. Сонымен қатар қыз баланы парасатты, жан - жақты білімді болуға, әсемдік, сұлулық әлемін түсінуге тәрбиелеу. Табиғат сыйлаған қасиеттерінің ашылуына көмектесу.

Шараға жаратылыстану-география факультетінің арулары қатынасты. Қыздар бір-бірімен бақ сынасып, жүлделі орындар мен алғыс хаттарға ие болды. Байқауда бас жүлдені Хим-11 тобының студенті Мусаева Гаухар иеленді.



Бет редакторлары: Жолдыбаева Гүлбақыт

Қарапайым еңбек адамы

«Адамды адам еткен, еңбек» десек, қоғамдық қатынастар өзгерген қазіргі кезеңде еңбек адамы деп кімді бағалайтынымыз туралы ортақ пікірге келуге тиіспіз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында кәсіби маманның қадірін білу керек екенін, еңбекқор адам мемлекетті дамытатынын баса айтты.



Расымен, қашан көрсек те көзінен мейірім, жүзінен нұр төгілген Абубәкір Жұмалиевті студент жастар да ерекше құрмет тұтып, сыйластық танытып жатады. Бір қарағанда, таң атқаннан қас қарайғанша бел жазбастан жұмыста жүретін Абубәкір

аға демалмайтындай көрінеді. Дегенмен, ол кісінің де үйінде асыға күтіп отыратын аяулы жары, қызғалдақтай қызы бар. Осы орайда ағадан отбасылық құндылықтары туралы сөз тарттық:

- Отау құрғанымызға жиырма жылдан

асты. Тілге келіп, теріс қарасқан күніміз жоқ. Қарапайым қазақтың шаңырағымыз. Ар мен абыройдан аттамайтын, ұлттық дәстүрді дәріптеп, салтты санамызға сіңіріп келеміз. Бала қаздай мәпелеген бір қызым бар. Бүгінгі күні медицина университетінде білім алып, мамандығы бойынша қызмет етуде. Басты арманым – елдің абыройлы азаматшасы болса деймін. «Еңбектің наны тәтті» демекші, еңбектенген адам далада қалмайды. Жұмыстың оңайы жоқ. Қай жерде болмасын қиындық болады. Барлығы болашағымыз үшін, – деді.


«Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды. Шын мәнінде, ең бастысы – адал еңбек. Біз мұны жете түсінетін ұрпақ тәрбиелеуге тиіспіз», – деген еді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Біздің кейіпкеріміз Абубәкір Тұрсынұлы да ақ адал ақы тауып, ешкімнің ала жібін аттамай, өткенге өкіністен, келешекке зор үмітпен қадам басып келеді. Елуді еңсеріп, алпысқа адымдаған еңбек адамы бүгінгі бейнетінің зейнетін көрер жасқа жетуіне тілектеспін.

Айзада ДЮСЕНОВА

Заманынан оза туған, өз заманынан болшақтағыны талап еткен қазақтың ең биік, ең үлкен, шоқтығы асқақ, тұлғасы жоғары, өлеңінде де, сөзінде де, күйінде де шыңдықты жырлаған ақын шайыры-Махамбет екені қай-қай қазақ баласына болмасын айдан анық, белгілі. Иә, Махамбет «өзі қазақ болмаса да», қазақ үшін жанын берді, жанын салды құрбан болды. Өттең, қайран қазақ оны түсінді ме?

«Сұңқардан туған...» Иә, тырнақшадағы бұл сөзім әлдекімге көпе көрнеу көрініп, құлағына жағымсыз естілсе де тарихи шыңдық осы еді. Бұны тарихтан алыс жан бір естіп, аузын ашып таң қалған болар. Махамбет шежіресіне келсек, өз атасы Құлманияз немесе Құлмәлі құл болып келген. Бұл сөз жалғансыз шыңдық. Исатай Кенжалиевтің еңбегіне сүйенсек «...Бір аңыз бойынша Құлмәлі Беріш руының азаматы Қаразым (Хорезм) базарынан сатып алған дейді...» дей отыра «... Ал, Құлмәліні құл етіп жұмсамай өз баласындай ұстаған Беріштің Жайық арасының азаматы Ернәзар Тұмашұлы қайырымды, 6 балалы кісі екен. 10 жасар Құлманиязды Жаубасар деген ұлына береді. Бала Құлмәліні ауылдастары жатсынбай Жаубасардың Өмірзақ деген ұлымен қатар өседі, ағайынды болады...» (И.Кенжалиев. «Мақамбет» 25 бет. Орал қаласы 2003) деген дерек келтіреді. Және де, бұны қуаттау үшін 1808 жылы Өтемістің Жайықтың оң жағына өту үшін алған билетіне сүйенеді. Ал бұл туралы Хамит Маданов өзінің еңбектерінде былай келтіреді: «Құлмәлі деген құлдың балалары Шыбынтай, Өтеміс арғы жақтан Бөкейлікке өткенде, қырдан құдық қазып, мал суарып отырған бір ауылға келіп малдарын суарайын десе: Құлмәлі құлдың балаларына қазылған құдық жоқ деп, малшылар су бермейді. Өтеміс садағының оғын алып, малшыларға оқталып: «Өзен, өзен, өзен су, Өзенді тастап көшкен ит (өзін айтып тұр). Өзі болған жігітті, Түп атасын сұраған ит (Өкесін «құл» деген малшыға айтып тұр). Қырда құрақ, ойда бұлақ тұрғанда, Құба жоннан құдық қазған ит. Алдыма келсең оғымды, Артыма келсең боғымды жерсің» - деп, малын тартып суарып кетіпті» және де «Өтемістің арғы тегі қазақ емес, «қызылбас» дейді, яғни Құлмәлі (Құлманияз)-келімсек. «Қызылбас» - парсы ұлты, қазіргі Иран мемлекеті» (Х. Маданов



“Махамбет атты батырмын”
Мен тауда ойнаған қарт марал
Табаным тасқа тиер деп,
Сақсынып шыққан қиядан.
Қайыңның басын жел соқса,
Қаршыға құс қайғырар,
Балпаным суға кетер деп,
Мамығын төккен ұядан.

Махамбет Өтемісұлы

Қызғыш құс
Кесекті
ердің сойы едім...

«Кіші жүздің шежіресі» 1993 «Атамұра»).

Осы жердегі құдық Сары Алаша Сарыбөпе, Сатай деген кісілерге тиесілі еді. Осы жердегі ойландырар жәйт қай қазақ өзіне қару кезеп тұрса шыдамасы анық, тіпті бұның арты өлімге апарары анық. Бірақ Алашалар бұны неге жылы жауып қоя қойды? Бәлкім, мәселе Қосуан шешейде болар, ол кісі дәл осы Сарыбөпе, Сатайлардың қарындасы, яғни Махамбет Алашаларға жиен, тіпті талай жиендігін салды. Яғни бұны Алашалар, дәлірек айтсақ Кенжеғариндер жезделік санап, балдыз бен жезде арасындағы ойын деп жылы жауып қоя салды. Қош, Құлмәліге келсек. Әнес Сарайдың еңбектерінде Құлмәліні түрікменнің белгілі бегінің баласы ретінде көрсетеді. Ал кей аңыздарда Құлмәліні Каспийде кемемен қырып жүріп, кемесіне шабуыл жасалып, ағаштың сынығы арқылы аман қалып, Жаубасардың қолына кеп түскен Нәдіршахтың баласы дейді.

Жә, Қош Құлмәлінің тарихын да білдік, ендігі Өтемістің өзіне келсек. Өтеміс өзі майлы, бақ-дәулетті, бақуатты кісі болған екен. Бірақ көптеген адамдардың ойларында Өтемісті кедей көретін қарасяки стереотип қалыптасқан. Яғни Махамбеттің халықтың қамын ойлап, бай-бағлан, хан-сұлтандармен соғысуына қарап ойлаған да, ойлайтын да болар. Бірақ Өтемістің байлығын 1816 жылы Ақжонтастағы ауылын Сүйінішқали Жаналиев төренің айдап салуымен Беріштің қырық жігіті шапқан кезден көрсек болады. Яки Жәңгір ханның

куәлік еткен реестрге қарағанда өте қымбат заттар, анығырақ айтсақ 5035 сом ақша, әрқайсысы 9924 сомдық 400 сөлкебай, әрқайсысы сомдық 60 голланд ақшасын, 200 сомдық түрікмен сырғасын, тағыда бірнеше градитура, бірнеше қымбат маталар, қымбат белбеулер, сол кезде қымбат түрікмен әшекейлері мен түрікмен ат әбзелдерін, бірнеше малы тонап ап кеткені оның байлығына дәлел болары анық. («Мир Махамбет». Исатай-Махамбет. 1801-1848) 1808 жылы 8 қарашада Гребенщиков бекінісі арқылы Жайықтан өтуі туралы билетте «жеке меншігіндегі 374 малшы мен 43710 бас малмен өтуі» Өтемістің анау-мынау адам емес екендігін көрсетсе болар. Тіпті Б.Аманшиннің қолжазбаларындағы Махамбеттің сол кездегі Ресей мұсылмандарының ірі діни орталығы Ноғай Қарғалысында оқуы, он баласының хатқа сауатты болуы тегін адам емес екенін аңғартардай.

Өтеміс негізінен хан-сұлтандардың қостауымен көп ел-жер сапарлаған екен. Банағы қытайы маталарын, түрікмен заттарын (бірақ ол замандарда түрікмен заттары батыс өлкеде көп таралды, екі байдың бірінде болды) голланд ақшаларын, елде табылмайтын қымбат заттарды осы сапарларда алуы да бек мүмкін. Өтеміс ауылына Сүйінішқали сұлтан түскенде бұл істі тексеруге Шығай сұлтан мен бірнеше командир мен старшиналардың жұмылып, солардан қолдау тауып Орынборға әділдік сұрап

барды. Орынбордың зілінен қорыққаннан ба, Сүйінішқали арызды мойындамай, араға кісі салып Өтемістің мойнына у жағып өлтірді. Кейіннен әкесінің артынан барған Тоқтамыс пен Бекмұхамбеттердің шарттарын орындалуына қарағанда араға Шығай мен банағы шенділер түсуі бек мүмкін. Бұл шақтарда Махамбет 14-те еді.

“Соғыс». Өкеден жастай жетім қалған Махамбет өмірден бірнеше рет таяқ жеп өседі. Махамбет жастайынан билікке араласып өседі. Тіпті оның шыншылдығы мен ақындығына таң қалған Жәңгір өзінің сарай бұлбұлы еткісі келетін. Бірақ өжет ақын бұған көндіге қоймады. Қарауылқожа және Балқы би сынды билердің қарамағындағыларға болмашы және қит етсе салатын салығы халықтың ығырын шығарып жібергені анық. Ханның алымсақ алым-салықтарының көбеюі, жерді дұрыс бөлмей, халықтың жайылым жерінен айрылып, шұрайсыз жерге жайғасуы халықтың ызасын ушықтыра бастады. 1832 жылы басталған жерді сату, біреудің жерін сыртынан басқаға сату өрші түсіп, кезіндегі Бөкейден алған жерлерінен көптеген адам айрылып қалды. Оның ішінде бай-бегі де бар, кедей жарлысы да бар еді. Оның ішінде Исатай, Махамбет, Тінәлі, Қалдыбай сынды тұлғалар да жерлерінен айрылады. Жерінен айрылған осы кісілер көп даулайды. “...Тек Исатай ғана 25 жыл жайлаған жерін дауласып жүріп 1834 жылы Шеркеш руының жері Манаш құмындағы Мыңтөбе аумағынан жаңа қоныс алады. Ал басқалары ала алмайды...” (И.Кенжалиев. «Мақамбет» 107 бет. Орал қаласы 2003). 1835 жылы Махамбет, Тінәлі, Қалдыбайлар Қарауылқожаның үстінен Жәңгір ханға арыз жазады. Бұл Қарауылқожаға жетіп, Қарауылқожа жағдайды өршіктіре түсіріп, ханды халыққа айдап салып, Жәңгірдің Исатайға сүйенген халықты шабуға әкеледі. Бұл Исатай мен Жәңгірдің арасындағы шиеліністі одан сайын өршіктіріп, шаруалар қозғалысына әкеледі. Бұл кезде қарулы қақтығыс Кіші жүзде бұрқ етуі бек мүмкін еді. Хан және Қарауылқожа, Балқы, Шомбал секілді билерден озбырлық көрген қара халық Исатай мен Махамбеттің жанына топтаса бастайды...

Жалғасы бар...

Жумасұлтан ПАРУХОВ,
Филология факультетінің студенті



Абубек Бұлықшев атындағы жас журналистер клубының жарғысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

А. Байтұрсынов

Журналист

(Journalist)



№10 (54), желтоқсан, 2022 жыл

Шешендік – ұстаз көркі

Ойшылдарға сүйенсек, көкте құдайдың, кеудемізде жанның бары рас болса, онда адамзат тірлігі де риторикадан ажырағысыз екені мәлім. Иә, өнердің ең алды - сөз өнері. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болары мәлім. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді (А.Байтұрсынұлы). Осы тұжырым-түйіндерге сүйене ой өрсек, мұғалімге сөз өз ойын сапырылыстырып айту үшін емес, шәкірттің ойына қозғау салу үшін беріледі. Ал педагогикалық әңгіме өткізуге төселу үшін, тіпті, дарынды адамның өзіне де көп көмек керек.

Елімізде әлемнің бәсекеге мейілінше қабілетті әрі серпінді дамып келе жатқан мемлекеттерінің қатарына қарай қадам басу жолындағы негізгі басымдықтардың сапында осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлардың біліктілігі мен оларды қайта даярлауды ұдайы арттыруға баса мән берілуі тегін емес. Білім беру реформасы - Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Білім беру ісінде креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда. Бұл салада біліктілік талаптарын, оқыту әдісі жүйесін қайта қарау қажет. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаппай қолдауға ие болып, қоғамдағы жаңғыру үрдістеріне зор серпін берді. Бұл бастаманы әрі қарай жалғастырып қана қоймай, оның аясын жаңа мазмұнмен және бағыт-тармен толықтыру қажет. Осы тұрғыдан ой таразыласақ, бүгінгі таңдағы педагогикалық білім беру тұжырымдамасы оқытушының кәсіби, ең алдымен, достық пейілдегі тиімді қарым-қатынасқа негізделген риторикалық мәдениетін арттыруды көздейді. Оқытушының кәсіби риторикалық мәдениеті - шынайы шындыққа, студент тұлғасының гармониялық тұрғыда қалыпты дамуына қол жеткізуге бағытталған эмоциональды-сезімталдық кейіптегі ойлана шебер сөйлеу әрекеті үстіндегі адамгершілік-эстетикалық және интеллектуалды қалпы (профессиограммасы).

Ритор-педагогтың кәсіби риторикалық мәдениеті оның сыртқы кейпінде де, тиісінше сөйлеу әрекеті үстінде де вербальды не бейвербальды қалпымен айқындалады. Ал оқытушы риторикалық тұлға, педагог-ритор ретінде бірден-бір аудиторияға әсер етуші және аудиторияаралық байланыс орнатушы болмысында бір мезгілде өз сөзімен, өзіндік адами әдебімен, сөз сөйлеу мәнерімен, сөз мазмұнымен, оқытып жатқан оқу пәнінің көмегімен студент тұлғаны бірлескен түйіндер жасауға әзірлейді, негізгі басты нысанды терең ұғынуға, түсіністікке ыңғайлайды, нәтижеде оқыта отырып тәрбиелейді, өмірге бейімдейді. Бұған педагогикалық диалогтың субъект-субъектілік қатынасты сақтаушы қалыптасу үстіндегі студентті қатып қалған қарым-қатынас фобиясынан ажырата отырып, өзіндік көзқарас-пікірші болу керектігі іспетті үрейден ада ететін, сөз сөйлеу қадамындағы батылдығын, өзін таныта түсу мәдениетіне белсендіре, құлшындыра ұмтылдыратын демократиялық стилі септеседі.

Тұлға қарым-қатынаста шыңдалады десек, тұлғалылық, яғни, дидактикалық тұлғаның тыңдай білу, сөйлесе білу білігі қарым-қатынаста қалыптасады. Тұлға үлгісінен тұлға туындайды, сондықтан оқытушы-педагог төңірек аудиториясы құрметтей сыйлайтын, мәдениетті, зиялы, ибалы тұлға ретінде қалыптасу үстіндегі студентке тиімді қарым-қатынас ырғағын жұғысты етер өзіндік өнеге беруші, тағылым таратушы болуы тиіс. Демек, бұл бағытта сөйлер сөзін өзіндік кәсіби іс-әрекетін ұйымдастыру мен басқару құралы ретінде меңгерген педагог-ритор тұлғасын қалыптастыру мәселесіне айрықша мән берілуі тиіс. Әсіресе, бұл риториканы (шешендіктану) сендіре тиімді сөйлеу ілімі ретінде ғана емес, сөйлеу мәдениетінің, шешендік шеберлік өнерінің биігіне қол жеткізуді игеруші болашақ педагог тіл мамандарын даярлауға қатысты аса өзекті. Бұл ретте аталмыш курс студенттерді семинарларда сөйлеуге, әр түрлі конференциялардың жұмысына қатысуға, университетшілік, мектепшілік газет-журналдарды әзірлеп шығаруға, мектептегі педагогикалық практикадан өтуге және ілгерідегі мектеп оқушыларын жұмысқа даярлаудағы ғылыми-тәжірибелік бағытымен аса маңызды. Бұның бәрі өзіндік ритор маман ретінде танытуға бейімдейді. Ал бұған күні кешегі мектеп оқушылары көбіне-көп даяр емес. Ендеше, ертеңгі маман тұлғасындағы

бүгінгі студенттер бойында болуға тиісті аса қажетті білік-дағдыларды қалыптастыруға бағытталған бірқатар міндеттер туындайды. Олар: сөйлеушінің сөйлеген сөзін талдай білу; өз сөзіндік әзірлеуде риториканың классикалық қағидаларын қолдана білуге дағдылану; шаршы топ алды сөз сөйлеуге даярлану; өз курстастарының алдында оқу пәніне орайлас сөз сөйлеу тәжірибесінен өту.

«Педагогикалық риторика» курсына оқытушы мен оқушы арасындағы педагогикалық қарым-қатынас пен этикаға баса мән беріледі. Біздіңше, бұл реттегі аса маңызды тұстар мыналар: *Өзін мұғалім рөлінде сезіне отырып, мектепте өткізілетін активті, пассивті педагогикалық практикаға алдын-ала даярлану; сыныпта достық пейілдегі комфортты жағдаят туғызу білігін меңгеру; өзінің педагогикалық іс-әрекетінде оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқытуды жекелік-бағдарлық вариативті жағдайды негізге ала ұйымдастыру.*

Қазіргі кезеңде оқытушы-педагогтың, сонымен қатар мектеп мұғалімдерінің педагогикалық риторикаға қызығушылығы күн санап арта түсуде. Эксперимент нәтижелеріне, зерттеу еңбектеріне сүйене сан тарау тұжырымдар жасауға болар еді. Бұл ретте педагогикалық шешендіктану (риторика) ілімі әрбір педагогке өз сөзін дәл де нақты, логикалық тұрғыда иланымды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ал оқушылар тарапынан пікірлестер табуға, сабақтарды шығармашылық тұрғыда үйлестіре, дәстүрлі сабақтардағыдай емес, қызығалықты да тартымды өткізуге, ұсынылар ақпараттарды бұрынғыдан бірнеше есе

еш нәрсемен келіспестей оппоненттері тарапынан өзін қолдайтын нағыз пікірлестерді көре алады. Ал кімде-кім педагогикалық риторика ілімі туралы хабардар болмаса, оның заңдылықтарынан, қағидаларынан бейхабар болса, онда мұғалімге үнемі «Оқушылар тарапынан жоспарланған шабуыл қашан болуы мүмкін?» «Жалпы бұндай болуы мүмкін бе?» деген іспетті сауалдарға ойлануға тура келеді. Сабақ үрдісіндегі бұндай сауалдардың мұғалім ойына келуі бір жағынан қызығалықты секілді көрінгенімен, екінші тұрғыдан қате. Сондай-ақ осы бағытта олар сабақ барысының қалыпты өтуін қиындатып, мұғалім мен оқушы арасындағы толыққанды дәрежедегі қарым-қатынасты орнауына кедергі келтіреді. Тіпті мұндай жағдаятта өзара шығармашылық тұрғыдағы қарым- қатынас туралы ойлау да мүмкін емес.

Қазіргі уақыттағы үздіксіз білім алудың қажеттігін ескерсек, білім берудің, маман мұғалім кадрлардың біліктілігін арттырудың жолдарын айқындау жөн. Біздіңше, бұл мәселенің шешімін таптырар бір қыры - қазіргі мектеп мұғалімінің педагогикалық шешендіктану ілімінен терең білімінің болуы. Бүгінгі педагогикалық шешендіктану (мектеп риторикасы) риторикалық ойлау кезеңімен бір тұтастықта пайда болған. Сократ, Платон, Аристотельдердің өздері оқыту үдерісін диалог тұрғысында, тіпті, жиірек пікірталасу тұрғысында жүргізген. Онда өзара пікірталасу үдерісі риторикалық іс-әрекет күйінде ұйымдастырылған. Бұнда әрбір реплика ойлау үдерісінің бірден-бір белгісін қамтиды, сондай-ақ бұл бір мезгілде әрбір дидактикалық нақтылы өзіндік көзқарасының танылуына бағытталды. Орта ғасырлық академиялық шешендік - шешендіктанудың осы кезеңдегі маңызды аспектісі. Ал риториканың өзі сол кезеңдегі барлық университеттерде оқылатын бірден-бір ғылыми пән болды. Оның басты өзегі - адамның өзін сөзі арқылы танытуы. Сәйкесінше орта ғасырлық ғалымдар да адамның осы тұрғыда өзіндік дамуының қалыптасуына, өзін-өзі танытуға баулыды.

Зерттеушілерге сүйенсек, антикалық дәуірде-ақ риториканың өзі бірегей философия ретінде қарастырылған, ал орта ғасырлық дәуірде бұл зат атаулының мәні ғана емес, сөз мәнін ұғыну адамның қоршаған әлемді бейнелеуі болып табылады. Бұл орайда «сөздің мағыналық тұңғығына терең бойлай білмейсіз, сонда сіз мына жақ дүниені адасудан жартылай құтқарасыз» деген Р.Декарт сөзі ойлантады. Демек, дидактикалық шешендіктанудың дамуының әр түрлі кезеңдерінде сөз мағынасын анықтауға және оның ойды білдіруге әрі жүзеге асыруға ешбір кедергі болмауы, қайта керісінше, оның дәл жеткізілуіне, ұсынылуына бірден-бір себепкер болуына баса мән беріледі. Сөз - қоршаған әлемге қаратылған терезе, қоршаған ортаға бізді танытушы. Бірақ бұл терезенің бізге таныс әрі жақын не бейтаныс та сырт кеңістікті бөле-жара

ПЕДАГОГ-РИТОРДЫҢ КӘСІБИ РИТОРИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ ХАҚЫНДА

мол беруге септеседі. Педагогикалық риторика мұғалімге өзара пікірлесу, сөйлесу мүмкін еместей көрінетін ең ауыр сыныптармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ мұғалім не оқушы тарапынан өзара тіл табысуға еш құлқы, ұмтылысы, мүмкіндігі жоқтай, тіпті қарым-қабілеті таяздау көрінетін алынбас қамал сияқты орталарда монологтік сөз сөйлеуге мүмкіндік туғызады. Кез келген педагогикалық тұрғыда әсер етудің сәттілігі мұғалімнің сөз сөйлеу үстінде өзін-өзі танытуы арқылы көрінбек. Мұғалім сөйлеген сөзі арқылы оқытады, тәрбиелейді, өзіндік көзқарасына иландыра жұмылдырады, пікір алмасады, оқушылардың санасында мейілінше тереңірек сыналап ене түсер әсері жоғары образдарды тудырады. Риторика - көркемдік тұрғыда әсер ету амалдарының жүйесіне орай айтсақ, жоғары эстетикалық тұрғыда әсер ету арқылы ауызша сөйлеу туралы ғылым. Егер де педагог өз ойын жай айтып қана қоя салуға ұмтылмай, дидактикалық оқушысына белгілі бір межелі әсерді дарыту, алғы ортақ іске жұмылдыруға ұмтылдыру бағытын ұстанатын болса, онда педагогтың алғашқы сөзінен бастап осындай ұшқынды көруге тиіспіз. Яғни, осы іспетті межеленген алғы мақсатқа нақты қол жеткізу үшін, сөйленер сөз атаулыны тура мағынасында жоспарлы түрде алдын-ала даярлау керек. Тап осы тұста риторика қағидалары көмекке келіп, сөйленер сөзді лайықты тұрғыда әзірлеуге септеседі. Педагогикалық шешендіктану оқу үдерісі сәтінде туындап отыратын сандаған сауалдарға («Неге?» «Нәліктен?» «Не себепті?») жауап береді.

Оқытушы-педагог кәсіби тәжірибе жинақтау барысында мейілінше тез ойланып, орынды айтылған бір ауыз сөздің белгілі бір күрделі жағдаяттан шығуға септесер сәтіне тап болары сөзсіз. Ал үздіксіз даму үстіндегі, сондай-ақ толқымалы қалыптағы оқушылар құрбылары алдындағы социометрикалық статусын көтеру үшін мұғалімдерімен сөзге келіп қалу, тілдік қағысуларға баруға бірден-бір ыңғайлы болып келеді. Осындай жағдайда педагогикалық риториканың амал-тәсілдері мен заңдылықтарын жан-жақты білген мұғалім көзі ештеңені көрместей, құлағы ештеңені естіместей, сөз ұқпастан ыңғайдағы

танытуға жасар қызметін ескермей жатамыз. Демек, педагогикалық шешендіктану - оқушылармен арадағы өзара түсіністіктің жоқтығына жиірек өкініш білдіретін мұғалімдерге бірден-бір аса қажетті өз ойын мейілінше түсінікті білдіру мен оны мейілінше дәл түсіну мүмкіндігі. Ал мұның себеп-салдары қос коммуникантқа да, олардың қолданар сөздеріне де, дәлірек айтсақ, сөздердің орналасу ретіне, әрқайсысының қилы сөздеріне байланысты қалыптасқан ассоциациясының жекелік жүйесіне де тірелуі мүмкін. Мәселен, бізге мәлімі - жекелеген сөз атаулының адам көңіл-күйіне, қалпына белгілі бір деңгейде әсер ететіндігі. Ал қазіргі мектеп мұғалімі- педагог қауымы үшін мұның мәні әлдеқайда тереңірек, себебі ол әрдайым оқушымен өзара түсінісуге, жағдаятты тиімді қабылдауға ұмтылары даусыз. Сондай-ақ тілдік қарым-қатынасқа қатысушыларды айырып көрсетерліктей сөз айқындылығы, мағыналық анықтығы мезетте-ақ құбылып отыруы әбден заңды. Олар бір қарағанда бір-біріне түсінікті де қарапайым көрінетін ортақ мәселе туралы айтып отырғанмен, олардың әрқайсысы «өзіндік тілмен» көрініс бермек.

Қысқасы, бүгінгі негізгі міндеттерінің бірі - «педагогикалық шешендіктану» («педагогикалық риторика») атауын аталған кәсіби бағыттағы оқу пәнін оқытудың ғылыми - әдістемелік жүйесін теориялық тұрғыда негіздей, эксперименттік тұрғыда саралай түсу. Бұл орайдағы басты концептуальды қағидалы ұстаным мұғалім мамандығының коммуникативті салаға бірден-бір қатыстылығына сәйкесті педагогикалық жоғары оқу орнының әрбір түлегінің еркін сөйлей білуіне, қарым- қатынас мәдениетінің білік-дағдыларын меңгеруіне, аудиториямен байланыс орната алуына (белгілі бір деңгейде аудиторияға әсер етуі) негізделеді. Педагогикалық шешендіктану оқу-тәрбие үрдісінде туындайтын сан түрлі коммуникативті міндеттерді шешуге даяр болу қабілеттерін қалыптастыруға қатысты мұғалімнің кәсіби коммуникативтік құзіреттілігінің негізін қалауы тиіс.

Индира МАСАБАЕВА,
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университетінің II курс магистранты

Ғасырға жуық ғұмыр кешкен білім ордасының, Махамбет жастары үшін биылғы жыл ең жеңісті де жемісті, нәтижелі жыл болды. Университетіміз еліміздің оқу ордаларының арасынан оза шауып, ұшқыр ойларымен, білім біліктіліктерімен, шығармашылық шабыттарымен алдыңғы қатарлардан оқ бойы озып шықты.

Облыстық, республикалық, халықаралық байқауларда жетістіктерге қол жеткізіп, университеттің қоғамдық өмірінде жоғары ұйымдастырушылық қабілетімен көшбасшылардың алдыңғы қатарында көрінгені үшін университет ректоры, биология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты Нұрлан Хабиболлаұлы студенттерді Құрмет грамотасымен марапаттады. Олардың қатарында **Бухарова Айдана Қайрлықызы** (педагогика факультеті), **Қоблан Мирас Қобланұлы** (мәдениет және өнер факультеті), **Оразова Аида Рахымжановна** (филология факультеті), **Орынғали Аружан Жусупқалиқызы** (физика-математика факультеті), **Болатова Дария** (педагогика факультеті), **Асқаров Айбек Қайратұлы** (жаратылыстану-география факультеті), **Дөкесова Ақтоты** (тарих, экономика және құқық факультеті), **Сағынбаева Дәмектен Талғатқызы** (филология факультеті), **Ерсаинов Чингиз Миржанұлы** (педагогика факультеті), **Меренов Жақсылық Қазбекұлы** (мәдениет және өнер факультеті), **Есенжанов Нуржан Ондасынович** (мәдениет және өнер факультеті) сынды студенттер бар.

Салтанатты шарада университет абыройын асқақтатып, мәртебесін биіктеткен үздік студенттер 8 аталым бойынша марапатталды. Атап айтар болсақ, олар:

«Үздік студент» - Қабекен Жұпархан Нұрболатқызы (Тарих, экономика және құқық факультеті);

«Үздік жас ғалым» - Жулкашева Индира Абайқызы (Жаратылыстану-география факультеті);

«Үздік жас талант» - Ахметов Әділ Ерикқалиұлы (Филология факультеті);

«Үздік спортшы» - Байниязова Мәрует Серікқызы (Педагогика факультеті);

«Үздік пікірсайысшы» - Нұрлан Арман Думанұлы (Педагогика факультеті);

«Үздік волонтер» - Көшкінбаева Әмина Кәдірқызы (Педагогика факультеті);

«Үздік әлеуметтік парақша» - Тарих, экономика және құқық факультетінің INSTAGRAM парақшасы;

«Жыл жаңалығы» - «Мұрагер» студенттік театры.

«Махамбет үздігі – 2022» студенттер сыйлығымен қатар, «Мейрам Исатайұлы Исатаев» атындағы атаулы шәкіртақыны табыстау үрдіске айналып келеді. Мейрам Исатайұлы - мәдениет және өнер факультетінің түлегі, өзін – өзі басқару ұйымының, факультеттің студенттік деканы, кейін қызмет барысында сол факультеттің деканы қызметін атқарды. Келтелі өмір қысқа ғана ғұмыр сыйласа да, бір ғасырға таттын өнегелі өмір көрсетті. Соның бір айғағы университетіміздің 2005 жылы құрылған студенттік өзін-өзі басқару ұйымының алғашқы түлектері тарапынан Мейрам Исатайұлының оқудағы жетістігімен қатар университеттің қоғамдық өміріне белсенді араласып, облыстық, республикалық деңгейде жетістіктерге жеткен университет студенттеріне

Өнер мен білімді ұштастыра білген, рухты батырдың бірлігін жалғастыратын, жарқын болашақты үндейтін «Махамбет үздіктері» - 2022 студенттер сыйлығын табыстау жыл сайынғы дәстүрге айналып келеді. Халықаралық, республикалық, облыстық, университетшілік деңгейде өткізіліп жүрген білім мен ғылым додаларында, спорттық сайыстар мен шығармашылық бағытта университетіміздің намысын қорғап, биік бөлестерді бағындырған студенттер ынталандырылып, ортаны ойып шыққан студенттерді марапаттау рәсімін университетіміздегі Жастар ісі комитеті ұйымдастырды.

«Махамбет үздіктері»



«Мейрам Исатайұлы» атындағы атаулы шәкіртақыны табыстау болатын. Осы орайда университет түлегі, өзін – өзі басқару ұйымының алғашқы легінің шәкірті, 2006 – 2007 оқу жылдарының студенттік ректоры, Аманат партиясы Батыс қазақстан облыстық филиалының партиялық бақылау жөніндегі инспекторы

Афиза Болатқызы Семғалиева сөз сөйлеп, мәдениет және өнер факультетінің студенті **Елшинбекова Рысты Сырбайқызына** атаулы шәкіртақыны табыс етті.

Сондай-ақ, кеш барысында тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты Түймеш

Малбағарқызы Даришева университеттің оң имиджін қалыптастыруда сіңірген еңбектері үшін марапат иелеріне алғысын білдіріп, төменгі курс студенттері үшін олардың бұл істері мотивация екенін атап өтті. Кеш мерекелік концертпен өрнектеліп, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан

университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 14.06.1995 ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021 ж. қайта есепке алу туралы № КЗ27ҰҰ00033105 куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 1200

РЕДАКТОР: Айзада ДЮСЕНОВА

ТИЛШІПЕР: Аяулым АШИМЖАНОВА,
Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және

графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.

Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.

Тел.: 50-51-46, 51-41-99